

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Басқару институты**

Қолжазба құқығында

**Жекебаева Бекзат Муратовна**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР  
САЯСАТЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ**

«Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы  
«6M051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша

Мемлекеттік саясат магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік диссертация

Ғылыми жетекші: \_\_\_\_\_ Садықова Қ.Қ., PhD

Диссертация қорғауға жіберілді: «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Институт директоры: \_\_\_\_\_ Турчкенова Р.А., э.ғ.к.

**Нұр-Сұлтан, 2020**

## Мазмұны

Нормативтік сілтемелер.....	3
Белгілеулер мен қысқартулар.....	5
Кіріспе.....	6
<b>Тарау 1 Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының теориялық негіздері</b> .....	9
1.1 Мемлекеттік жастар саясатының мәні және рөлі .....	9
1.2 Мемлекеттік жастар саясатын іске асырудағы халықаралық тәжірибе .....	18
<b>Тарау 2 Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының іске асырылу жағдайына талдау</b> .....	28
2.1 Қазақстан Республикасында мемлекеттік жастар саясатын іске асырудағы мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға талдау.....	28
2.2 Жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына талдау .....	40
2.3 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру жолдары бойынша ұсыныстар.....	55
<b>Қорытынды</b> .....	67
<b>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі</b> .....	71
<b>Қосымша А</b> .....	79
<b>Қосымша Б</b> .....	81

## Нормативтік сілтемелер

Ұсынылған диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер қолданылған:  
«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы Заңы.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» N 581 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V Заңымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» N 54 Заңы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 9 ақпандағы «Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» № 633 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 тамыздағы «Волонтер жылын жариялау туралы» № 135 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 тамыздағы «Президенттік жастар кадр резервінің кейбір мәселелері туралы» № 141 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 тамыздағы «Президенттік жастар кадр резервінің кейбір мәселелері туралы» № 141 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 28 тамыздағы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы туралы» Өкімі N 73.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Астана қ., 2005 жылғы 18 ақпан.

Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы «Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 шілдедегі «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 17 ақпандағы N 249 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысы N 718.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 тамыздағы «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» № 522 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 21 қыркүйектегі «18 – 29 жас аралығындағы НЕЕТ жастарды, оның ішінде 2018 жылғы түлектерді жұмыспен қамту және әлеуметтендіру бойынша жол картасын бекіту туралы» № 583 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 қазандағы «Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы № 633 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» № 746 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы «Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасын бекіту туралы» № 27 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы № 968 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» № 982 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» № 988 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы «Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» № 1054 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қаңтардағы «Волонтер жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» № 3 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 27 қыркүйектегі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 27 қыркүйекте «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, «Мәңгілік ел жастары-индустрияға!» (Серпін) жобасы бойынша кадрлар даярлауды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» № 425 бұйрығы.

«Қазақстан 2020: болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (екінші кезең – 2016 – 2020 жылдар).

Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарын іске асыру туралы есебі.

### **Белгілеулер мен қысқартулар**

- |     |                           |
|-----|---------------------------|
| АЕК | – Айлық есептік көрсеткіш |
| АҚШ | – Америка Құрама Штаттары |

АӨСШК	– Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі
АШМ	– Ауыл шаруашылық министрлігі
БАҚ	– Бұқаралық ақпарат құралдары
БЖК	– Бизнесінің жол картасы
БМСК	– Бастапқы медициналық-санитарлық көмек
БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
БҰҰ ДБ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасы
ЕҚЫҰ	– Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық
«Жастар» ҒЗО	– «Жастар» ғылыми зерттеу орталығы
ЖҚТБ	– Жасөспірімдерге жыныстық тәрбие жөніндегі білім беру
ЖОО	– Жоғарғы оқу орны
ЖРО	– Жастар ресурстық орталығы
ЖҚҚҚ	– Жастар көші-қон қызметі
ҚКСР	– Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚКП	– Қытай Коммунистік Партиясы
ҚР	– Қазақстан Республикасы
ҚРҰҚ	– Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы
ҚХР	– Қытай Халық Республикасы
ТжКБ	– Техникалық және кәсіптік білім беру
ТМД	– Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ҮЕҰ	– Үкіметтік емес ұйымдар
ҰКП	– Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ҰЭМ	– Ұлттық экономика министрлігі
ШЫҰ	– Шанхай ынтымақтастық ұйымы
АРЕС	– Asia-Pacific Economic Cooperation
NEET	– «Not in Employment, Education or Training» – жұмыс істемейтін, оқымайтын және жұмыс табуға тырыспайтын адам
НСҮОК	– The National Council of Youth Organizations in Korea
GMP	– Good manufacturing practice
G8	– Большая восьмерка
SMM	– Social Media Marketin

## Кіріспе

### Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Жастар - қоғамдағы өзгерістердің басты факторы. Қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылымын айқындайтын бұл күш қазіргі қоғамның дамуына катализатор болып табылады. Қазақстанның болашағы негізінен жастардың білім деңгейіне, олардың құндылықтарына, мінез-құлқына, әлеуметтік қызметке, әлеуметтік үрдістерге қатысу дәрежесіне байланысты.

Осыған дәлел, мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 94-тармағын орындау үшін 2019 жыл - Жастар жылы деп танып және жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасын (бұдан әрі – Жол картасы) бекіту бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын әзірледі [1].

Бұл жастардың әлеуетін іске асыру және дамыту үшін жағдай жасау, оның қоғамдық өмірінің барлық салаларында бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруына ықпал етеді.

«Жастар» ғылыми зерттеу орталығының зерттеуі бойынша «Қазақстан жастары – 2019» ұлттық баяндамасына сәйкес қазіргі жастар өмірінде бірқатар проблемалар бар. Олардың ішінде жиі кездесетіні әлеуметтік-экономикалық проблемалар – табыстың төмендігі, жұмыссыздық, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетсіздігі, тұрғын үй проблемалары және тағы басқа [2].

Бүгінде тәуелсіз елімізде басты басымды қатарының бірі жастар саясаты болып табылады. Мемлекет саяси және экономикалық табысқа жете алады егер, жастарға айрықша көңіл бөлінетін болса. Еліміздегі жастар оқуға, біліммен қамтамасыз етілуге, ауыл жастарын жұмыспен қамтамасыз етілу керек, сол себептен біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді және ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек деп «Қазақстан-2050» Стратегиясы – жедел өзгермелі тарихи жағдайлардағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағытындағы 4 тармағында айтылған [3].

Сондықтан да елімізде жастарды жалпы қоғамдық үдерістерге қосу мақсатында ынталандыру шаралары іске асырылып, олардың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін мемлекеттік деңгейде жағдай жасалуда.

Сонымен қатар, жастар саясатының өзектілігіне дәлел Қазақстан Республикасының президенті Қ.Тоқаевтің жарлығымен бекітілген 2020 жыл - еріктілер жылы деп жарияланды [4].

Осыған байланысты, Қазақстан жастарының жағдайы туралы ақпарат ғылыми және қоғамдық қызығушылық тудырады. Осы диссертациялық жұмыс жастар жағдайын кең ауқымды мәселелер бойынша жан-жақты талдау болып табылады. Диссертациялық жұмыста ғылыми зерттеулерге, мемлекеттік органдардың ресми статистикалық деректеріне, «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының жүргізген әлеуметтік зерттеулер нәтижелеріне, жастардың білім алу және ғылым, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, кәсіпкерлік, жастардың әлеуметтік-саяси үрдістерге қатысуы, жастардың субмәдениеті жөніндегі мәліметтерге жан-жақты талдау жүргізілген.

**Зерттеу мақсаты** – Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатына талдау негізінде ұсыныстар жасау болып табылады.

Алға қойған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу көзделеді:

1. Мемлекеттік жастар саясатының теориялық негіздерін анықтау;
2. Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудағы шетелдік тәжірибені анықтау;
3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатындағы нормативтік құқықтық актілерді, бағдарламаларды, жобаларды анықтау;
4. Қазақстан Республикасындағы жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына талдау;
5. Мемлекеттік жастар саясаты жетілдіру жолдары бойынша ұсыныстар жасау.

**Зерттеу нысаны** – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты.

**Зерттеу пәні** – мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру саласындағы үрдістер.

**Зерттеудің әдістемелік негіздері** – диссертациялық жұмыстың қорытындыларының негіздеу мен тереңінен талдау мақсатында ғылыми танымның түрлі әдістері: талдау және өңдеу, құрылымдық-функционалды, формальді-логикалық жалпы ғылыми; тарихи, статистикалық әдістері қолданылды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатын іске асырудағы сипатын ашу мақсатында жүйелі әдіс қолданылды.

Зерттеу барысында жұмыстың басты тұжырымдарын негіздеуге әсер еткен салыстыру кестелері, SWOT анализі, құқықтық актілерді контент-талдау, сарапшылық сұрау мен сауалнама жүргізу бойынша зерттеу әдістері пайдаланылды.

**Диссертациялық жұмыстың теориялық негіздері** – мемлекеттік жастар саясатын іске асыру және жетілдіру бойынша ақпараттар, отандық және шет елдік зерттеушілердің еңбектерінен құрайды, нормативтік құқықтық актілерден, материалдардан тұрады.

**Зерттеудің ақпараттық негізін** нормативтік құқықтық актілер; Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы комитетінің сарапшыларынан тереңдетілген сұхбат нәтижесінде алынған ақпарат; ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері; «Жастар» ҒЗО алынған мәліметтер; «Жастар» ҒЗО сарапшыларының ұсыныстары; «Қазақстан жастары – 2019» ұлттық баяндамасынан алынған мәліметтер; ҚР АҚДМ Жастар және отбасы комитетінен алынған мәліметтер және материалдар; Тағылымдама өту барысындағы алынған ақпараттар;

Сонымен қоса, зерттеу барысында мерзімді басылым мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, мемлекеттік органдардың, интернет-ресурстардың ақпараттары қолданылды.

Зерттеудің эмпирикалық негізін ҚР АҚДМ Жастар және отбасы істері комитетінің 1 төрағасы және 10 сарапшысы; Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының

профессорларымен бірге жастар мәселесі жөнінде Қазақстан жастары бойынша жүргізілген 10 000-нан астам сауалнама нәтижелері қалыптастырады.

**Гипотеза және күтілетін нәтижелер** – Қазақстан Республикасында жастар саясатының іске асырылуы бойынша зерттеулердің нәтижесінде мемлекет тарапынан жастар үшін жасалып жатқан қолдаулардың жеткілікті болуына қарамастан, жастар саясатының іске асырылуын жетілдіруді қажет етеді:

1. Жастар ресурстық орталықтарын жетілдіру арқылы жобалық басқаруға көшіру;

2. Қолданыстағы бағдарламаларды жетілдіру және автоматтандыруды қажет етеді;

3. Мемлекет тарапынан жастар асырылып жатқана шаралар бойынша, бағдарламалар бойынша ортақ бір электрондық платформаның және мобильді қосымшаның құрылуы керек.

Бұл өзгерістер, жастар саясатының іске асырылу жүйесін жетілдіретін болады деп есептеймін.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы** - сауалнама Қазақстан жастары бойынша екі топқа бөлінген 14-17 және 18-29 жастар аралығында екі тілде электронды түрде жүргізілген алғашқы зерттеу. Зерттеу нәтижелері арқылы еліміздегі жастар арасындағы жұмыссыздық, ЖРО бар екені жөнінде хабарсыздығы, тұрғын үй, отбасы және білім алу сияқты өзекті мәселелердің бар екендігі анықталады. Жастар саясатын жетілдіру бойынша ұсыныстар.

**Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелерінің апробациясы.** Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 1 мақалада «Вестник ГТА» ғылыми журналда 2019 жылы № 1 (27) 2019 нөмірімен жарық көрді.

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі.** Диссертациялық жұмыс кіріспе, негізгі үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Негізгі мәтін 78 бетте, 4 кесте мен 13 суреттерден мазмұндалған, әдебиеттер тізімі 60 атаудан тұрады.

## **Тарау 1 Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының теориялық негіздері**

### **1.1 Мемлекеттік жастар саясатының мәні және рөлі**



XX ғасырдың екінші жартысында жаңа әлеуметтік құбылыс – мемлекеттік жастар саясаты пайда болды.

Қазақстан жастар саясатын дамыту үшін айтарлықтай күш салды. Көптеген жылдар бойы Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру арқылы жастар проблемаларын шешуге ұмтылуда.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан жастарының конгресі қатысушыларымен кездесу барысында «XXI ғасыр белсенді өмір сүретін және мемлекет пен өз отбасының тағдыры үшін жауапкершілікті өзіне алатын жастардың уақыты болу керек» - деп атап өтті [5, 176 б.].

Ғылыми және оқу әдебиеттерінен жастар саясатының бірнеше анықтамаларын табуға болады.

И. Г. Зайнышев мемлекеттік жастар саясаты – мемлекет жас азаматтардың әлеуметтік қалыптасуы мен дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер жасау жөніндегі қызметі екенін атап өтті.

А. И. Лучанкин, А. А. Сняцкий жастар саясатын жастардың мүдделері мен қажеттіліктерін қолдауға, жастардың тыныс-тіршілігін қалпына келтіруге жағдай жасауға мемлекет пен қоғамның қатысудағы әлеуметтік саясат саласы ретінде анықтайды.

Т. А. Царева жастар саясатының келесі анықтамаларын ұсынады: «Мемлекеттік жастар саясаты – ол мемлекеттің жастар саясатындағы доктринасын, тұжырымдамалық бағыттарын әзірлеу және оларды әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастыру шараларының тұтас жүйесін қамтамасыз ету жөніндегі қызметі, жас ұрпақтың әлеуметтік-құқықтық қорғалуын құру, олардың әлеуметтік еркін дамуын іске асыру» [5, 176-177 б.].

Калетаев Д.А. Долматов А.Ю. Бажова Т.В. Шойкин Г.Н. мемлекеттік жастар саясаты жастардың әлеуметтік жетілуіне және қалыптасуына экономикалық және құқықтық тұрғыда жағдай жасайды деп анықтама береді [6].

Бұл жастар саясатының анықтамаларында жастар саясаты үкіметтік емес ұйымдарымен, мемлекеттік органдармен, мемлекеттік емес ұйымдармен, және қорлармен жүзеге асырылатыны нақты көрсетілген. Бірақ, аталған анықтамаларда жастардың өздерінің бастамасымен осы саясатқа қатысуы немесе осы саясатты іске асыру қажет екені жөнінде айтылмады.

Абдрашитова Т.А., Оспанова Я.Н. жастар мәселелеріне мемлекеттің қатысуын қарқындату әрекеті әртүрлі акциялар кешенінде көрініс табатынын атап өтті:

Біріншіден, осы саладағы нормативтік-құқықтық базаны нығайтуға назар аудару керек.

Екіншіден, мемлекет жастар саясатын институттандыру мәселелерімен белсенді түрде айналыса бастады. Салыстырмалы түрде қысқа мерзімде республикалық деңгейде жастар саясаты департаменті құрылды, өңірлік деңгейде облыстық ішкі саясат департаменттерінің жанындағы жастар саясаты

бөлімдері, аудандар деңгейінде әкімдіктерге жастармен жұмыс жөніндегі маман бірліктері енгізілді. Басқа жағынан мемлекет жастардың үкіметтік емес секторын қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Осылайша жастар және балалар ұйымдарының Қауымдастығы, Қазақстан Жастар Конгресі, Қазақстан студенттерінің Альянсы және басқа да жастар ҮЕҰ құрылды.

Үшіншіден, жастар бастамаларын қаржылық қолдауды қамтамасыз ету мақсатында Public-Private-Partnership қағидаты мен оның негізгі нысаны ретінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс белсенді енгізіле бастағанын көрсетеді [5, 177 б.].

Осы уақыт ішінде жастар саясатын іске асыруда бірқатар нормативтік актілер қабылданды.

Мысалға, 1994 жылы Қазақстан Бала құқықтары туралы Конвенцияны бекітті, ал 1999 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасын мақұлдады.

2000 жылы ҚР Үкіметі жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңес құрылды, оған ең ықпалды қазақстандық жастар бірлестіктерінің көшбасшылары және билік өкілдері кіреді.

2001 жылдан бастап «Қазақстан Жастары», «Жастар саясатының 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы», «Жастар саясатының 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы», Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы сияқты бағдарламалар іске асырылды. 2004 жылы ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы заңы қабылданды.

Жастар саясаты - бұл мемлекетіміздің дамуындағы басым бағыттарының бірі болуына орай, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданды [7, 114-115 б.].


ҚР Мемлекеттік жастар саясаты Заңына сәйкес Қазақстан жастары 14 пен 29 жас аралығындағы жастар болып саналады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын іске асырудағы мақсаты ол - еліміздегі жас азаматтардың өздері әлеуметтік жеке дара тұлға ретінде дамуына қажетті қолдау жасау, яғни экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық және тағы басқа жағдайдарды жасау болып табылады.

Мақсатты іске асыру үшін Заң келесі міндеттерді қояды, олар:

1. Жас азаматтардың заңды мүдделерін және құқықтарын қорғау;
2. Жас азаматтарымызды мемлекеттің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өміріне қатыстыру;
3. Жас азаматтарды азаматтықа тәрбиелеу арқылы жастардың патриотизмдік сезімдерін күшейту.

Сонымен қатар, жастар саясатының негізгі тоғыз бағыттары бар, олар 1 суретте көрсетілген [8]:



Сур. 1 – ҚР мемлекеттік жастар саясатының бағыттары

Ескерту – Әдебиет негізінде автормен құралған [8]

Айта кету керек, жоғарыда аталған мемлекеттік жастар саясатының әрбір бағыты бойынша нормативтік актілер мен мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, іске асырылуда.

Мысалға, білім беру саласында Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [9].

Жас ұрпақтың денсаулығы бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [10].

Жастардың негізгі қажеттіліктерінің бірі жұмыспен қамту бойынша шаралар нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы [11].

Жас ұрпақтың өміріндегі ең танымал проблемалардың бірі тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы [12].

2020-2025 жылдарға арналған дене шынықтыру және бұқаралық спортты дамыту жөніндегі кешенді жоспардың жобасы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 тамыздағы

«Волонтер жылын жариялау туралы» № 135 Жарлығы [4].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы «Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасын бекіту туралы» № 27 қаулысы [13].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 27 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 27 қыркүйекте «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, «Мәңгілік ел жастары-индустрияға!» (Серпін) жобасы бойынша кадрлар даярлауды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» № 425 бұйрығы [14].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы № 968 қаулысы [15].

Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан [3].

«Дипломмен ауылға!» жобасы - Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және ынталандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы N 111-IV Заңы» [16].

Бұдан басқа, осы бағыттар бойынша қызметті жүзеге асыру үшін Заңда орталық және жергілікті атқарушы органдардың құзыреті көзделген. Олар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) Жастар және отбасы істері комитеті (бұдан әрі – Комитет) уәкілетті орган ретінде және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт, Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық, Қазақстан Республикасының Қаржы, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика, Қазақстан Республикасының Ішкі істер, Қазақстан Республикасының Қорғаныс, Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы, Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстар министрліктері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Облыстардың және Нұр-сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері жастарға қатысты тұрғын үй, жұмыспен қамту, білім алу, суицидке бару, құқықбұзушылық жасау, еңбек, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт жөніндегі мәселелерді қалыптастырады және іске асырады. Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру және қалыптастыру бойынша тетіктері қарастырылған, атап айтқанда:

- Республикалық және өңірлік деңгейдегі жас азаматтар үшін форумдар;
- Консультативтік-кеңесші органдары;
- Жас азаматтар үшін әлеуметтік инфраструктура;
- Өңірлердегі жастар ресурстық орталықтары;
- «Жастар» ғылыми зерттеу орталығы;
- Жастарға арналған әлеуметтік қызметтер;
- Халықаралық ынтымастық.

Осы саясат республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Жастар жастар ұйымдары, жастардың волонтерлік қызметі және жастардың өзін-өзі басқаруы арқылы мемлекеттік жастар саясатын қалыптастырып, іске асырады [8].

Мемлекеттік жастар саясатын іске асырудағы институционалдық дамуы, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жастар саясатын жүргізудегі және ұлттық деңгейде жаңа реформаны енгізетін уәкілетті орган боласада, жастар саясаты дамуында басты рөлді бірқатар ұйымдар атқарады. Барлық өңірлерде жастар мәселелерін қарастыран және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізетін 210 жастар ресурстық орталықтары, 596-дан астам Қазақстан бойынша жастар мәселесі бойынша үкіметтік емес ұйымдар, барлық деңгейдегі әкімдер жанындағы 218 жастар ісі жөніндегі кеңестер, 897 жастар ісі жөніндегі комитеттері бар.

Орталық деңгейде: ҚР Президенті жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңесі және ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жанындағы жастар ұйымдарын дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесі әрекет етеді (сурет 2) [17].



Сур. 2 – ҚР Мемлекеттік жастар саясатының институционалдық дамуы

Ескерту – Әдебиет негізінде автормен құралған [17]

Қазіргі таңда «Қазақстан жастарының Конгресі» заңды тұлғалар бірлестігі ең ірі жастар ұйымы болып табылады, ол 2002 жылдың қараша айында Елбасының бастамасы бойынша қоғамдық жастар ұйымдарының күш-жігерін біріктіру мақсатында құрылды.

Бүгінгі таңда Қазақстан жастарының конгресі - мемлекеттік жастар саясатын, оның барлық қатысушыларымен өзара іс-қимылда жүзеге асыратын жастар ұйымы.

Ұйымның негізгі мақсаты мен міндеттері:

- Жастар бірлестіктерін қолдау және олардың қызметін үйлестіру;
- Жастар саясаты жөніндегі консультативтік-кеңесші органдардың қызметін сүйемелдеу;
- Мемлекеттік жастар саясатының барлық бағдарламалары мен бағыттарының тиімділігін арттыру үшін жастар саясатының барлық қатысушыларының күш-жігерін шоғырландыру;
- Жастардың азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің дамуындағы белсенді позициясын тәрбиелеу;
- Жастардың әр түрлі санаттарына бағдарланған жастар үшін әлеуметтік маңызды жобаларды әзірлеу және іске асыру, жастар бастамаларын қолдау;
- Біріккен қазақстандық жастардың өкілдігі [18].

Қазіргі Қазақстан тез дамып келеді. Қазақстандық қоғам өмірінің барлық салалары жақсарып, дамуда. Прогресстің негізгі ресурсы - бұл жастар жетекші рөл атқаратын адамның әлеуеті. Жастардың сәтті әлеуметтенуі - Қазақстанның болашағының сәттілігінің кепілі.

Президент 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына жолдауында елдегі жоғары оқу орындарына сапалы білім берудің маңыздылығына назар аударады, Назарбаев Университетінің үлгісімен жұмыс істейтін білім беру инфрақұрылымы негізінде жаңа білім беру мекемесінің құрылуы және оның түлектерінің жұмыспен қамтылуын бағалау үшін оқу орнының табыстылығының өлшемдерін ұсынады [1].

Елбасының «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» бағдарламалық мақаласында қазіргі заманғы жатақханалар салу арқылы гранттар санын көбейту, жас студенттерге жағдай жасау туралы мәселе көтерілуі кездейсоқ емес. Кешегі жоғары оқу орындары мен колледждерді бітірушілердің көпшілігі бизнеспен айналысқысы келеді, бірақ қайда, қайдан бастау керектігін білмейді. Жастардың кәсіпкерлік бастамасын қолдау жақсы көмек болатын сияқты [19].

Жастар сәтті мемлекет құру міндетін тиісті мүмкіндіктер болған жағдайда ғана орындай алады. Бұл үшін кәсіби білім, баспана сатып алу, отбасын құру үшін жағдайлары шешілуі керек.

Жас ұрпақ қазақстандық қоғам өмірінде маңызды орын алады. Тәуелсіз және нақты халықтың тобы ретінде ол өзінің нақты әлеуметтік функцияларын орындайды.

Жастар бүгінгі күнге дейін жинақталған қоғам мен мемлекеттің дамуының практикалық тәжірибесін иеленеді, елдің болашағының перспективалық

көрінісін ашады және жаһандану мен нарықтық өзгерістер жағдайында оның тұрақтылығына жауап береді. Ол қоғамдық-саяси процестердің негізгі қатысушыларының бірі, өзінің инновациялық әлеуеті, өзіндік мақсаттары мен мүдделері бар. Мемлекеттік жастар саясаты «Қазақстан-2050» стратегиясын іске асырудың жүйелік ресурстарының бірі болуға шақырылады [3].

Қазіргі қоғамдағы жастардың әлеуметтік жағдайының ерекшелігі - ол барлық дерлік әлеуметтік қайшылықтар мен қайшылықтардың эпицентрінде. Өзінің әлеуметтік мәртебесін іздеуде жастар мемлекеттің даму жүйесіндегі жаңа әлеуметтік түйіндерді анықтайды.

Жаңа әлеуметтік сапа мен әлеуметтік жетілу үшін қазақстандық жастардан өзін-өзі танудың және өзін-өзі растаудың инновациялық формалары қажет. Қазіргі таңда халықаралық қоғамдастықтың даму тенденциялары экономикалық және саяси дағдарыстармен, әлеуметтік апаттармен, терроризм мен діни экстремизмнің көріністерімен сипатталады.

Жаһандық бейбітшіліктің қауіп-қатері мен қауіп-қатері алдында жастар жаңа сынақтарға тап болады. Әлеуметтік форма оның қоғамға енуінің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, жастарды тек өз проблемаларын ғана емес, сонымен бірге елдің жалпыұлттық даму міндеттерін шешуге тікелей тарту маңызды.

Қазақстандағы жастар саясатын дамытудың әлеуметтік аспектілері мемлекеттің әлеуметтік саясатымен тығыз байланысты.

Оның функционалдығы көбінесе басқару институттарының деңгейі мен сапасына байланысты. Олардың тиімділігі мен ұтқырлығын арттыру үшін: жастардың барлық әлеуметтік топтарымен жұмыстың мақсаттарын, міндеттерін, нысандары мен әдістерін анықтау және құрылымдау; қоршаған ортадағы өзгерістерге уақтылы ден қоюға және олардың одан әрі даму перспективаларын болжауға қабілетті мемлекет пен жастар ҮЕҰ арасындағы әлеуметтік серіктестік пен өзара әрекеттестік моделін құру; жастар саясатының әлеуметтік саласын динамикалық басқарудың жаңа бағыттарын анықтау.

Қазақстандық қоғамның қазіргі даму жүйесінде жеке тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігі артады. Белгілі бір әлеуметтік-демографиялық топтың мүдделерін білдіретін еңбек нарығындағы іске асырылмаған жастар әлеуметтік қатынастарды тұрақсыздандырудың негізгі көздерінің бірі болып табылады. Мемлекеттік жастар саясатын дамытудың барлық деңгейінде тиімді болатын әлеуметтік қақтығыстарды басқару тетігі қажет.

Денсаулық, білім, жұмыспен қамту, демалу және жастардың мәдени демалысы сияқты әлеуметтік маңызды мәселелер мемлекеттің әлеуметтік саясаты жүйесінде маңызды болып табылады. Жастардың әлеуметтік мәселелерін шешу саласындағы нақты жағдайдың нақты көрінісі.

Демократиялық әлеуметтік нормалар мен қатынастардың нығаюы жастардан жан-жақты бейімделуді және белсенді азаматтық ұстанымға ие болуды, отбасы мен еңбек қатынастары саласында және білім беру процесінде әлеуметтік дағдыларды дамытуды талап етеді. Тәжірибелік тәжірибе көрсеткендей, мемлекет жастар саясаты саласында үлкен жұмыс атқарады.

Алайда, жастардың өзекті мәселелерін шешуге ҮЕҰ-лардың жеткіліксіз қатысуы, сондай-ақ олардың өмірлік мәселелерін шешу барысында жастар ортасындағы инфантилизм мен пассивтіліктің көріністері сияқты факторлар жастардың әлеуметтік бейімделуін қиындатады. Сонымен қатар, жастарды әлеуметтік бейімдеу және либералды демократиялық құндылықтар рухында тәрбиелеу тетіктерінің жеткіліксіз дамуы оның еңбек әлеуетін іске асыру және кәсіби, ұйымдастырушылық және көшбасшылық қасиеттерді жан-жақты анықтау мүмкіндігін шектейді.

Сондықтан мемлекеттің әлеуетті жастар ресурстарын дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасауы маңызды

Жалпы, мұның бәрі жастардың әлеуметтік қатынастар жүйесіне үйлесімді бейімделуіне ықпал етеді. Жағымды әлеуметтік әл-ауқат үшін жастар елдің ұлттық және аймақтық даму міндеттерін орындауға белсенді қатыса алуы, сонымен қатар олардың көшбасшылық қасиеттерін көрсете алуы керек.

Елбасы Н.А. Назарбаев 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялады. Модернизация процесін тиімді жүзеге асыру жастардың көпұлтты қоғам өміріне белсенді қосылуын талап етеді. Жастар ресурсын сапалы дамыту - Қазақстан-2050 Стратегиясының маңызды міндеттерінің бірі. Әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктеріне байланысты жастар елдің болашағын құруға, Қазақстанның әлемнің дамыған, бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарынан лайықты орын алуына күш салуға шақырылады.

Қазіргі әлемдегі жаһандық өзгерістер жағдайында әлеуметтік қауіпсіздік факторы қоғам өмірінің қажетті құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Нарықтық қатынастар материалдық қамтамасыз ету, сапалы білім, жастарды, әсіресе ауылдық жерлерде жұмыспен қамту аспектілері бойынша тиісті шараларды қабылдауды талап етеді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев 2019 жылғы 27 ақпанда «Нұр Отан» партиясының кезекті XVIII съезінде: «Ауылдың лайықты өмір сүруге және өмір сүруге мүмкіндігі бар».

13 қарашада Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Жастар жылын жариялау туралы» жарлыққа қол қойды, онда жастар саясаты мүдделер шетінде емес, мемлекеттің назарында болатын басымдық аймағында екендігі көрсетілген. Қабылданған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» арнайы заңда бекітілген жастарға жан-жақты қолдау оның жағдайының нақты өзгеруіне әкелуі керек.

Іс жүзінде бұл қолдауды жүзеге асыру қиындықтарға тап болуы мүмкін, бірақ бұл 2019 жастары жылы аясында оның тұжырымдамадан бас тартуына себеп емес. Ең бастысы, барлық деңгейдегі мемлекеттік жастар саясаты тек декларативті түрде бағытталмауы керек. Мұндай саясаттың нәтижесі жастардың өмір сүру сапасын жақсарту ғана емес, сонымен бірге олар үшін құндылық бағдарлары жүйесін қалыптастыру болуы керек.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауында келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынды. «Рухани



Жағыры» бағдарламасы кең қолдау тауып, қоғамдағы жаңару процестеріне күшті серпін берді. Бұл бастама тек жалғасын тауып қана қоймай, сонымен қатар жаңа мазмұн мен бағыттармен толықтырылуы керек. Жастар мен жанұя институтын жан-жақты қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығы болуы керек. Әлеуметтік лифтілердің кең алаңын құру қажет, оған жастардың барлық санаттарын қолдау шараларының толық жиынтығы кіреді, - деді Нұрсұлтан Назарбаев [20].

Мәселен, «Елбасының бес әлеуметтік бастамасы» аясында білім беру саласында 20 мың қосымша грант бөлініп, студенттерге жатақханалар берілді. Сонымен қатар, «Жас маман» бағдарламасы әзірленді, оның аясында 20 жоғары оқу орны мен 180 колледжді қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандыру, 210 мың білікті мамандар даярлау, университет пен колледж студенттеріне бизнес негіздерін үйрету жоспарланған. Сонымен бірге студенттік еріктілерге шәкіртақыны 30% -ға арттыру жоспарланған [19].

Мемлекет жастар арасында өз саясатын қалыптастырып, келесі бастамаларды алға тартуда. Бұл процеске саясаткерлер, сарапшылар, бүкіл елдегі жастар ұйымдарының көшбасшылары мен белсенділері қатысады: жастарға қолдау теңестіріліп, теңгерімді болуы керек. Қазақстан алға қойған мақсаттарына жету және жаңа міндеттерді шешу үшін жастар ұсынған идеяларды қолдана алады.

Мемлекеттік жастар саясаты жастардың әлеуметтік қажеттіліктері мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға, оларға өмірлік маңызды мәселелерді шешуге көмек пен қолдау көрсетуге бағытталған. Сонымен бірге мемлекет жастармен қарым-қатынасын елдің бәсекеге қабілетті және тұрақты даму мүдделері үшін құруға және жұмыс істеуге дайын болатындай етіп құруы қажет.

Қазақстандағы жастар саясатын дамытудың әлеуметтік аспектілері екі негізгі сегментті қамтитын әлеуметтік қатынастарды үйлестірумен байланысты:

1) жастардың қоғамнан әлеуметтік шығарылуының алдын алу жөніндегі шараларды оңтайландыру;

2) жастар ортасында демократия мен гуманизмнің, зорлық-зомбылыққа, терроризмге және радикалды экстремизмге қарсы тұрудың әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастыру.

Қорытындылайтын болсақ, жастардың әлеуметтік мәселелерін шешу жүйелі тәсілді қажет етеді. Іс жүзінде оған негізделген:

мемлекеттік жастар саясаты саласындағы жастар мен атқарушы органдар арасындағы қарым-қатынастың жаңа деңгейін қалыптастыру;

жастардың санасында мемлекеттің оң имиджін қалыптастыруға белсенді ықпал ететін заманауи әлеуметтік технологияларды дамыту;

жастар, бизнес қоғамдастық және азаматтық қоғам институттары арасындағы әлеуметтік серіктестіктің тиімді жүйесін анықтау.

## **1.2 Мемлекеттік жастар саясатын іске асырудағы халықаралық тәжірибе**

Шет елдердегі мемлекеттік жастар саясаты XX ғасырдың 50-60 жылдарынан бастап дамып келеді. Жастар саясатының дамуына жастардың наразылық әлеуетінің белсенділігі («жастық тәртіпсіздік», «студенттік революция» және т.б.) өз ықпалын тигізді. Қоғамның әртүрлі салаларындағы жандану үдерістерін жалғастыру жағдайында жастар саясатын жүзеге асырудағы шетелдік тәжірибе қызықты болып табылады [18].

### **Германия Федеративтік Республикасы**

Отбасы, егде адамдар, әйелдер және жастар ісі жөніндегі Федералды министрлігі «Handeln für eine jugendgerechte Gesellschaft» («Жастар қоғамдастығына арналған акция») атты Ұлттық жастар стратегиясын әзірледі. Стратегия 15-тен 29 жасқа дейінгі жастарға бағытталған. Ұлттық бастамалар мен бағдарламалар

«JOBSTARTER plus» бағдарламасы Бұл бағдарлама келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

-жастардың кәсіби құзыретін нығайту;

-жастардың жаңа білікті еңбек әлеуетін ашу. Бағдарлама кіші және орта кәсіпорындарға білікті жұмыс күшін тартуға және жаңа мақсатты топтарды пайдалануға көмектесетін инновациялық оқыту стратегиялары мен қызметтеріне демеушілік етеді.

Жастарды күшейту: 1000 мүмкіндіктер». «To Strengthen Youth. 1000 Chances» басты мақсаты - өмірлік қиын жағдайдағы жастарды ынталандыру. Country sheet on youth policy in Germany

Жастар сауда палаталары «Жастарды күшейту. 1000 мүмкіндіктер» сарапшыларымен тығыз жұмыс істейді. Жергілікті деңгейде мақсатты топтар үшін бірлескен жобалар әзірленіп, оларды іске асыру тетіктері іске қосылады. Мұндай өзара әрекеттесу нәтижесінде білікті жұмысшылардың тапшылық мәселесі шешіледі. Бұл ынтымақтастық әлеуметтік жауапкершілік қағидаларына негізделген, кәсіпкерлердің оң имиджін қалыптастыруға және еңбек нарығындағы стереотиптерді жоюға мүмкіндік береді. Басты мақсатты топ – мектеп бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу кезеңінде қолдау көрсетуді қажет ететін 12-ден 26 жасқа дейінгі жастар және жас мигранттар. «Welcome among friends» федералдық бағдарлама («Достарға қош келдіңіздер») (2015 жылдан бастап). «Welcome among friends» федералдық бағдарламасы мигранттарға және жергілікті тұрғындарға қалалар мен ауылдық жерлерде одақтар құруға көмектеседі.

«Jugendmigrationsdienste» (JMD) Жастар көші-қон қызметі (одан әрі-ЖКҚК) Консультациялар - көмек - білім беру арқылы жүргізілетін жас көшіп келушілерге арналған бағдарлама. ЖКҚК қызметкерлері жас мигранттарға жаңа жерлерде мүмкіндіктер мен өмірдің жаңа жолын іздеуге көмектеседі.

«Girls' day – Girls' future day» («Қыздар үшін келешектер күні»). Жыл сайын 2005 жылдан бастап техникалық кәсіпорындар, техникалық оқу орындары, университеттер мен ғылыми орталықтарда қыздарға арналған Girls'Day – ашық есік күнін ұйымдастыруға шақырады.

«New ways for boys» – бұл жалпыұлттық желі және ақпараттық алаң. Жас жігіттерге заманауи сараптамалық ақпараттар, кәсіптік бағдарлау және мансаптық мүмкіндіктер туралы оқу-әдістемелік және онлайн-материалдар ұсынатын бұл Бағдарлама 2005 жылдан бері табысты жүзеге асырылуда [22].

### **Литва Республикасы**

Жастар саясаты туралы тарау жеке бөлім ретінде алғашқы рет 2004-2008 жж. Литва Республикасының Үкіметінің Бағдарламасында қарастырылды. Осы Бағдарламаның ережелері жастар ұйымдарын ынтымақтастыруға, жастардың азаматтық қоғамды дамытуға қатысуына, сонымен қоса білім беру, жұмыспен қамту, тұрғын үй, демалыс, мәдениет және жастар қауіпсіздігі саласындағы саясатты жетілдіруге бағытталған.

Ұлттық бастамалар мен бағдарламалар «Atrask» («Өзіңді аш») атты жобаны жетекші серіктес ретінде жастар істері жөніндегі Литвалық жұмыспен қамту қызметі («Литва еңбек биржасы») және жастар ісі жөніндегі департамент жүзеге асырады [23].

Норвегия Ұлттық бастамалар мен бағдарламалар «NORDBUK» бағдарламасы балалар мен жастардың жобаларын қолдайды және олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін нығайтуға бағытталған. Бағдарламаның мақсатты тобы - 30 жасқа дейінгі балалар мен жастар. Бағдарлама балалар мен жастарды демократиялық үдерістерге қатысуға, сондай-ақ әртүрлі елдерде (Норвегия, Швеция, Дания, Финляндия, Исландия, Фарер аралдары, Гренландия, Аланд аралдары) солтүстік бірегейлікті нығайтуға бағытталған [21, 21 б.].

### **Дания Королдігі**

Данияның ұлттық жастар кеңесі 70 әртүрлі ұйымдарды тарту арқылы 600 000 астам бала мен жас адамдармен жұмыс жасайтын қайырымдылық мекемесі. Ұлттық кеңес 100 миллионнан астам дат кроны қаржысына (18,2 миллион АҚШ доллары) бірнеше жастар бағдарламаларын жүзеге асырады. Ұлттық бастамалар мен бағдарламалар «ART Excel» бағдарламасы аясында жастар өз мінез-құлқының біршама байыпты және зейінді болуына, физикалық тынығу мен эмоционалды тұрақтылыққа ықпал ететін әр түрлі дағдыларды үйренеді. Бұл курс жастардың бір-бірімен қарым-қатынас орнатуды үйренетін ойындар мен іс-шаралар арқылы оқытылады. Оқыту нәтижесінде жастар әртүрлі адамдар топтарына ашық болуға бейімделеді [21, 21 б.].

### **Ұлыбритания Корольдігі**

Соңғы жылдары Ұлыбритания үкіметі жергілікті деңгейдегі өкілеттіктерді күшейтуге алып келетін орталықсыздандыру саясатын жүргізеді. Мұның нәтижесінде жастарға қызмет көрсету туралы шешімдер ұлттық емес, жергілікті деңгейде қарастырылады. Ұлттық бастамалар мен бағдарламалар «Проблемалы отбасылар» - әлеуметтік жағдайы төмен отбасылармен жұмыс істеу үшін мақсатты араласу бағдарламасы. Жергілікті билік өз өңірінде «проблемалы отбасыларды» анықтайды және олармен байланысты орнату міндетін орындайтын негізгі қызметкерді жүктеп қояды. 2012 жылдан 2015 жылға дейінгі уақытта жүргізілген бағдарламаның алғашқы кезеңіне 448 млн. фунт стерлинг бөлінді. Жергілікті билік 120 мың отбасына көмек көрсетті. Бағдарламасының

екінші кезеңі «Troubled Families» 2015 жылдан бастау алды, 400 000 отбасыға көмек көрсету үшін 920 миллион фунт стерлинг бөлінді. Нәтижелер жөніндегі жыл сай-ынғы есеппен екінші кезең 2020 жылға дейін жүргізіледі. Бағдарламаны Коммуналдық және жер-гілікті өзін-өзі басқару департаменті басқарады [21, 22 б.].

### **Австрия республикасы**

Австрия Республикасының «Jugendstrategi» ұлттық жастар стратегиясы – 2013 жылдан бастап заң күшіне енген басты құжаттардың бірі. Стратегия 2013-2020 жылдар кезеңін қамтиды. 2012 жылға дейін жастарға арналған ұлттық жоспар құрылды, бірақ ол жастар стратегиясы ретінде аталмады. 2018 жылы оның негізгі мақсаттары қызмет саласына өзгертіліп, өріс құралдары мен ақпарат көздерімен толықтырылды.

Ұлттық бастамалар мен бағдарламалар «Jugendcoaching» бағдарламасы («Жастар тренингі») қауіп-қатер аймағындағылардың «NEET» санатына енуіне жол бермеу, жастардың осал топтарымен жұмыс істеу үшін «алдын алу шарасы» ретінде қолданылады. Бағдарлама негізгі үш мақсатты топпен жұмыс жасайды: 1. Білім беру мекемелерінің соңғы оқу жылындағы студенттер, білім беру жүйесінен шығарылу қаупі бар немесе әлеуметтік жағынан зардап шеккен оқушылар; 2. NEET санаты; 3. 25 жасқа дейінгі оқыту қиындықтары бар жастар.

Жастар саясатын дамытудың жақсы мысалы - Австрия. Австрия федералды республика болғандықтан, жастар саясаты саласындағы жауапкершілік аймағы федералды үкімет пен федералды штаттардың үкіметтері арасында бөлінген.

Федералды штаттар үкіметінің жастар бөлімі қызметінің маңызды бағыттары:

әкімшілік қызмет;

жастар институттарын көтермелеу және қолдау.

жастар орталықтары, мобильді жастар жұмысшылары және федералды жерлердегі жастардың ақпараттық агенттіктері, сондай-ақ аймақтық деңгейлердегі бастамалар екінші категорияға жатады;

жастар ұйымдары мен мекемелерінің жұмысына тартылған кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

халықпен жұмыс;

ана, бала мен жастықтың саулығына байланысты барлық шараларды қамтитын жастардың әл-ауқатын қамтамасыз ету;

жастарды қорғау: ықтимал қауіп-қатер жағдайлары және заңнамада көрсетілген. Мысалы, қоғамдық орындарда болу, жатақханаларда немесе лагерьлерде тұру, қоғамдық театр қойылымдарына қатысу, алкоголь мен никотин ішу, автостоппен жүру т.б.

Ең маңызды стратегиялық құжаттардың бірі - бұл Австрияның Федералды зерттеу, технологиялар және инновациялар стратегиясы (RTI-Strategie), ол стратегиялық және операциялық мақсаттарды анықтайды, басымдықтарды белгілейді және келесі онжылдықта стратегияны жүзеге асыру үшін қажетті шараларды белгілейді.

Бұл стратегияны Федералды канцлерия, Федералды Қаржы министрлігі, Федералды көлік, инновация және технологиялар министрлігі, Федералды білім, ғылым және зерттеу министрлігі және басқа департаменттер әлеуметтік серіктестер мен негізгі мүдделі тараптарды тарта отырып әзірледі.

Австрияда Ашық Инновациялық Стратегия бар, ол 2025 жылға дейінгі кезеңге әзірленді және 2016 жылдың шілдесінде Министрлер Кеңесіне ұсынылды. Австрияның Ашық Инновациялық Стратегиясында көрсетілген шараларды жекелеген министрліктер өз құзыретіне кіретін салаларда тиісті органдармен бірлесіп жүзеге асырады мүдделі тараптар.

ЕО жастарының ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысуы, сондай-ақ инновациялық салада жұмысқа орналасуы конкурстық негізде гранттар беру арқылы қамтамасыз етіледі. Сонымен, «Ашық ақыл» сыйлығы «Open Minds Award-пен қосылған құнды құру» конкурсына қатысқан ЕО азаматтарының жас буынына беріледі. Қатысу аясында сайыскерлер ашық қоғамдастықтар арасында ақпарат алмасуды жеңілдететін алаң жасайды. 2017 жылы бұл бастама ішінара мемлекет тарапынан қаржыландырылды.

Жастар арасындағы ғылыми-техникалық белсенділікті ынталандырудың тағы бір бағыты - жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерия, математика салаларында пәнаралық дайындықты қамтамасыз ететін STEM білім беру. 2011 жылдан бастап Австрияда ғылым мен ынтымақтастықтың «Жастар және ғылым» орталығы жұмыс істейді, ол мектеп білімі мен зерттеу саласындағы жобалар мен бастамалардың өзара әрекеттесу алаңы болып табылады (мемлекет қаржыландыратын) [24].

### **Корей Республикасы**

2010 жылдан бастап Корея үкіметінің құрылымындағы жастар саясатын іске асыруға Гендерлік теңдік және отбасы министрлігі жауапты » [25]. The National Council of Youth Organizations in Korea (бұдан әрі - NCYOK) – (Кореядағы жастар ұйымдарының Ұлттық кеңесі) Ұраны: «Shaping a world for youth» – «Жастар үшін әлем құру» [26].

### **Жапония**

Жапония Үкіметі құрылымында жастар саясатын іске асыруға Білім, мәдениет, спорт, ғылым және технология министрлігі жауапты. 2001 жылы Жапония Министрлер Кабинетінің жастарды дамытуға жәрдемдесу жөніндегі комитеті құрылды, ал сол жылы елдегі жастар саясатын дамытудың негізгі нәтижелерін көрсететін «Жастар туралы ақ қағаз» атты жыл сайын жарияланатын құжат қабылданды. 2003 жылы ел үкіметі жастарды дамытудың ұлттық стратегиясын мақұлдады, оның негізгі ережелері - білім, денсаулық сақтау, еңбек және жапон жастарының әл-ауқаты [8].

Жапония - өмір сүру деңгейі жоғары және дамыған ел. Бүгінгі таңда мемлекет G8, АРЕС және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мүшесі болып табылады.

Мемлекеттік саяси құрылым туралы. Жапония - конституциялық парламенттік монархия, 1989 жылдан бастап император Акихито мемлекетті басқарды. Жапонияның екі негізгі партиясы - 2009 жылы парламентте ең көп орын алған Социал-либералды-демократиялық партия және бұған дейін 54 жыл

басқарған консервативті либералды-демократиялық партия. Жапон жастары өте кішкентай

Көптеген адамдар, әсіресе әйелдер, қартайғанға дейін сол күйінде қалады. Бұл халықтың басты күші - олар коммунизм қоғамын құра алды, бұл ең алдымен өздеріне сәйкес келеді. Жапондар өздері үшін жұмыс істейді және тиімді жұмыс істейді. Тағы бір маңызды фактор - күшті ұлттық идея, идеологияның болуы. Қоғамның көшбасшылар мен орындаушыларға нақты бөлінуі, қатаң тәртіп, сөзсіз мойынсұнушылық Жапонияның жоғары экономикалық тиімділігін қамтамасыз етті.

Мемлекеттік құрылым аясында жастар саясатын жүзеге асыру үшін білім, мәдениет, спорт, ғылым және технологиялар министрлігі жауап береді. 2003 жылдың желтоқсанында Жапония үкіметі жастарды дамытудың ұлттық саясатын әзірледі, оның негізгі ережелері жапон жастарының білімі, денсаулығы, жұмысы және әл-ауқаты болып табылады. Сонымен қатар, жастарды дамыту саясаты БҰҰ-ның балалар құқығын қорғау туралы конвенциясының ережелеріне негізделген.

Министрлер Кабинеті жастардың дамуын ынталандыру жөніндегі комитет құрды, сол жылы жыл сайын басылып шығарылатын және елдегі жастар саясатын дамытудың негізгі нәтижелерін көрсететін «Жастар туралы» Ақ құжат қабылданды. Шығыстағы Күн еліндегі жастар ұйымдарының қызметі қатаң реттелген. Жас парламентаризм институты қалыптасқан ел ретінде Ресей үшін ерекше қызығушылық Жапондық жастар палатасы болуы мүмкін. Америка Құрама Штаттары Жапония жастар палатасының құрылуына үлкен әсер етті. Бұл соғыстан кейінгі жылдары Америка Құрама Штаттары Жапонияның тізбектерін өз бақылауына алғандығына байланысты.

Жапонияның Жастар палатасы - 20 мен 40 жас аралығындағы адамдарды біріктіретін коммерциялық емес ұйым, қазіргі кезде бүкіл әлемде таратылатын ұйымдық құрылым және бағдарлама. Шын мәнінде, бұл халықаралық жастар палатасы басқаратын және штаб-пәтері Честерфилд қаласында орналасқан, АҚШ, Миссури штаты.

Қазіргі уақытта палатаның шамамен 150 000 тұрақты және құрметті мүшелері бар және олар барлық аймақтарды қамтиды. Палатаның іс-әрекеті адам өмірінің мақсаты мен мәні түпкі мақсат болып табылатын принциптерге негізделген; адамзат бауырластығында ұлттардың егемендігінің мәні жатыр; үкіметті адамдар емес, заңдармен басқару керек; жердегі ең құндылық - бұл адам, ал адамзатқа қызмет ету - өмірдегі ең жақсы жұмыс.

Жапондық жастар палатасының негізгі бағдарламасы әлеуметтік кәсіпкерлік рухты дамыту болып табылады. Сонымен қатар, Жапондық жастар палатасының балалар үшін жауапкершілігі, атап айтқанда, қазіргі уақытта балалардың қоғамға «қосылуы» және олардың болашаққа дайындалуы үшін жауапкершілік жүктелген.

Қызметтің екінші бағыты - азаматтардың жергілікті қауымдастықтарымен және басқару органдарымен қауымдастықтардың қызметін «жандандыру» немесе ынталандыру мақсатында белсенді ынтымақтастық.

Үшінші бағыт - аймақтық және ұлттық деңгейлердегі мемлекеттік органдарға жас мамандардың аймақтық және ұлттық экономика, білім және әлеуметтік қамсыздандыру тұрғысынан жыл сайынғы ұсыныстары. Әр түрлі деңгейдегі үкіметтер бұл ұсыныстарды саясатты түзету элементі ретінде ескереді.

Қызметтің төртінші бағыты - басқарушылық және әлеуметтік даму дағдыларын дамытуға, еріктілерді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін көшбасшылықты теориялық және практикалық оқыту бағдарламасы. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз Жапонияның жастарына арналған ең ықпалды ұйымдардың бірі - Жапон жастар палатасының философиясы мен қызметі елдегі және шетелде қоғамдағы жағымды саяси климатқа белсенді әсер етуге негізделген деген біржақты тұжырым жасай аламыз.

Осылайша, Жапония жастары мемлекеттің қолдауы мен қолдауымен елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысады. Әрине, жаһандану дәуірінде Жапония нақты дәстүрлер мен әдет-ғұрыптары бар ел ретінде Батыс әлеміне ашық бола бастады [21, 24 б.].

### **Қытай Республикасы**

Азияның басқа елі - Қытайдың жастары да бізді қызықтырады. Елдің билеуші партиясы - 1921 жылы шілдеде құрылған Қытай Коммунистік партиясы (ҚКП). 2003 жылдан бастап Ху Цзиньтао ҚХР Төрағасы, ал Си Цзиньпин ҚКП Бас хатшысы болды, ол 2013 жылы Ху Цзиньтаоның орнына келеді.

Елде тағы 8 саяси партия бар, бірақ олардың ҚКП қызметіне әсері аз. 20 жыл бұрын қытайлық жас адамдар жеке секторда жұмыс істеуді жөн көрді, бірақ бүгінде көптеген адамдар мемлекеттік қызметке ұмтылуда және саясатқа деген қызығушылықты арттыруда. Қытай жастарының көпшілігі Коммунистік партияға қосылуға тырысады, өйткені партия мүшелері қоғамда ең құрметті [27].

Қытайдың негізгі жастар ұйымы - Коммунистік жастар одағы.

Осылайша, ҚХР-дың мемлекеттік жастар саясаты Қытайдың Коммунистік партиясының шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылуда, ол Қытай жастарының өміріне көп көңіл бөледі, бұл елдің қуатты даму әлеуетін көтеретін жастар екенін түсінеді. Қытайдың жастар саясатының негізгі қағидаты - жастарды экономикалық және еңбек қызметіне тартуға негізделген жұмыс этикасы.

Сонымен қатар, коммунистік жастар лигасының мүшелері Қытай балалар пионерлер ұйымының жұмысын басқарады. Әрине, бұл тәжірибе пионерлер мен комсомол мүшелерінің уақытын таппаған немесе есіне түсірмеген орыс жастары үшін өте қызықты. Комсомол мен пионер ұйымдары арасындағы қатынастар жүйесі, сонымен қатар олардың ішіндегі жұмыс жүйесі Кеңес Одағының пионер-комсомол жүйесіне өте ұқсас.

Қытайлық жастар саясатының ерекшелігі - оны сәтті жұмысқа орналастыруға бағыттау. Бұл елде жас ұрпақ арасында жұмыссыздықпен байланысты үлкен проблема туындағаны таңқаларлық емес. 2020 жылға қарай жыл сайын 15-тен 22 миллион адамға дейін қосылатын жастар үшін жұмыс орындары жеткіліксіз. Бірақ мемлекет жұмыссыздар санын азайтуға және

жастарға мамандықта өзін-өзі тануға мүмкіндік беретін бірнеше шараларды ойластырды.

Бұл шараларға мыналар кіреді:

- салықтың бір бөлігінен босату және жұмыс күшіне деген сұраныстың артуы. Мемлекет ғылыми-зерттеу ұйымдарына, университет түлектерін жұмысқа тартуға мүмкіндік беретін шағын және орта кәсіпорындарға қарыздар, әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктер береді; - жұмыспен қамту арналарын кеңейту, б.а. ауылдық ұйымдарда, ауыл шаруашылығында, халқы аз аудандарда жұмыс істеуге ынталандыру. Осы бағдарламаға қатысқан жастарға әлеуметтік төлемдер беріледі;

- шағын бизнес құру үшін бастапқы капиталды ұсыну. Жақсы бизнес-жобалары бар түлектер оларды жүзеге асыру үшін несие алу мүмкіндігіне ие. Сондай-ақ, олар 3 жылға әкімшілік баж төлеуден босатылып, кәсіпкерлерге арналған тренингтер өткізіп, жеке кәсіптерін ашуға кеңес береді. - университеттер мен кәсіпорындардың үйлесімді жұмысы. Университет студенттерінің тағылымдамадан өту базасы ретінде өз жұмыс орындарын ұсынуға қуанышты компаниялар бар. Бұл кәсіпорындар жастарға кәсіби қайта даярлауды ұсынады [28].

Салыстыру үшін, Азия елдерінен басқа, біз жастар саясаты мен Еуропа елдерінің саяси процестеріне жастардың қатысу формаларын қарастыруды ұсынамыз. Еуропалық жастар саясаты қазіргі саяси және халықаралық қатынастардың ең дамыған жүйесі болып табылады және Еуропалық жастар саясатын іске асыру процесіне қоғамдық құрылымдар мен жастарды тарту тәжірибесі тиімділік тұрғысынан ең сәтті деп саналады.

Қазіргі уақытта бірқатар шет мемлекеттердің сөзсіз басымдығы жастар заңнамасын ұзақ уақыт бойы әзірлеу және жүзеге асыру, жастар саясатын мемлекеттік және халықаралық деңгейде жүзеге асыру болып табылады. Еуропа елдерінің (Германия, Франция, Ұлыбритания, Швеция, Финляндия) жастар саласындағы іс-әрекетін талдау мемлекеттік деңгейде жасалып жатқан мемлекеттік жастар саясатының негізгі сипаттамаларын анықтауға, сонымен қатар оның ерекшелігі мен қоғамдастығы туралы бірнеше қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Германия, Франция, Ұлыбритания, Швеция және Финляндиядағы мемлекеттік жастар саясатының жүйелеріне шолу осы елдердегі мемлекеттік жастар саясатының сипаты мен ерекшелігі туралы бірқатар қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Жастар саясатының мақсаты оның өзегін құрайтын, даму бағытын және күтілетін нәтижені айқындайтын мемлекеттік жастар саясатының маңызды сипаттамаларының бірі болып табылады.

Германия мен Францияда экономикалық және әлеуметтік процестерді мемлекеттік реттеу жүйесі анағұрлым дамыған және мемлекет басым бағыттарды айқындауда және жастар саясатын жүзеге асыруда жетекші рөл атқаратындығын атап өткен жөн, ал Ұлыбритания мен Швецияда мемлекет жастар саясатына, оның мақсаттары мен басымдықтарына жалпы көзқарастарды қалыптастырады, негізгі нақты жастар бағдарламаларын жүзеге асырудағы рөлі



көпшілікке беріледі. Жастар бағдарламалары мен жобаларын қолдау тетіктерінің бірі - субсидия түрінде мемлекеттік көмек көрсету.

Сонымен, Финляндияда, Жастар туралы заңға сәйкес, ұлттық ұйымдарға және олардың аймақтық филиалдарына мемлекеттік субсидиялар қызметтің әлеуметтік маңыздылығы мен субсидиялар қажеттілігін ескере отырып, нақты жұмыс негізінде орналастырылады.

Біз талдауға таңдаған мемлекеттердің (Германия, Франция, Ұлыбритания, Швеция, Финляндия) жастар саясатындағы қызметін бағалаудың келесі өлшемі жастар саясатын басқару болып табылады. Жастар саясатын басқаруды арнайы құрылған және осы функцияны басқалармен бірге жүзеге асыратын ұйымдар да жүзеге асырады.

Жоғарыда айтылғандардан әлемнің барлық елдері жастар саясаты саласында тиімді жұмыс жасауға бағытталған деп қорытынды жасауға болады. Біздің еліміз жастар саясатын жүзеге асырудың кейбір тәсілдерін қайта қарастырып, басқа елдердің тәжірибесіне мұқият қарау керек, өйткені жастар өте белсенді дамуда және олармен жұмыс жасауда үнемі назар аударуды және үнемі жаңаруды талап етеді.

Қазақстан үшін ең қызықты тәжірибе, біздің ойымызша, Швецияның білім саласындағы тәжірибесі және Жапонияның ақпараттық бақылау саласындағы тәжірибесі. Жоғары оқу орындарында бюджеттік орындар санының аздығына және келісімшарт негізінде қымбатшылыққа байланысты көптеген жастар жоғары білім ала алмайды. Сондықтан Швецияның жұмысқа орналасуға өтініш берген кезде қайтарылуы қажет тұрғын үй мен оқу құралдарына несие шарты бойынша ақысыз білім беруді енгізу түріндегі тәжірибесі әрбір жасқа жоғары білім алуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, ақпараттық технологиялар ғасырында жастардың сырттан қандай ақпарат алатындығын бақылау маңызды екенін атап өте қажет: бұқаралық ақпарат құралдары, интернет және теледидар. Өкінішке орай, әлеуметтік желілерде суицид, порнография және девиантты мінез-құлықты насихаттау оқиғалары жиілеп барады. Кейде мұндай теріс әсер жастардың азаматтық жағдайына және олардың қоғамдағы әлеуметтенуіне әсер етеді. Жастарды олардың зиянды әсерінен қорғау үшін осындай «желілерді» бақылауды күшейту қажет.

Америка Құрама Штаттарының жас ұрпақтарының жекелеген санаттары үшін ғылыми-зерттеу дағдыларын оқытуға және дамытуға бағытталған бағдарламалар Қазақстан Республикасы үшін үлкен қызығушылық тудырады. Мақалада айтылғандай, АҚШ-та қаржыландыру тек дарынды балаларға ғана емес, сонымен қатар жетім балаларға, аз қамтамасыз етілген отбасылардың балаларына, тұратын балаларға арналған ғылыми-техникалық бағытты қоса, білім беру қызметін көрсетуге қолданылады. патронат ата-аналармен және т.б.

Университеттерде оқуға мүмкіндігі жоқ ресейлік жас буынның ғылыми біліміне деген ынтасы талантты жастарды анықтап, әлеуметтік шиеленісті азайтады, федералды орталықтан шалғай жерлерде жұмыспен қамтуды арттырады деп санаймыз.

Студенттер мен мектеп оқушыларына жеке, ең танымал оқу бағыттары бойынша модульдік оқу бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында университеттерді, жеке компаниялар мен коммерциялық емес ұйымдарды үйлестіру тәжірибесі қызықты.

Мұндай бағдарламаларға, соның ішінде оқу шараларына ғана емес, сонымен қатар жатақханаға, жол жүруге, тамақтануға, ең бастысы шетелдік ғалымдармен және беделді ғалымдармен өзара әрекеттесуге ақысыз қол жетімділікті ұсыну жас ұрпақты ғылым саласында өзін көрсете алатын ынталандыру болады. техниктер.

Австрияда ғылым, технология және инновация саласындағы жастар саясатын жүзеге асырудың мысалы ақпараттық және анықтамалық болып көрінеді. Елде конкурстар ұйымдастыру, гранттар мен сыйлықтар беру арқылы жастар мен инновациялық және ғылыми жобаларды тарту бойынша мақсатты шаралар жүзеге асырылуда. Біздің елде белгілі бір әрекеттер жасалуда.

Біздің ойымызша, Австрияда енгізілген студенттер мен жоғары оқу орындары арасындағы өзара әрекеттесу процесі қызықты. Осы жобаның арқасында дарынды мектеп оқушылары жоғары оқу орнына түскен кезде мамандықты мақсатты түрде таңдай алады, сонымен қатар ерте жастан өз қабілеттерін көрсете алады.

Осылайша, біздің бірқатар шет мемлекеттердің жастар саясаты саласындағы қызметін талдау GMP табысты болуын қамтамасыз ететін бірқатар шарттарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- мемлекеттік жастар саясатының заңнамалық базасын әзірлеу;

- жастардың жағдайына, жастар ортасының жай-күйі туралы деректердің тиімділігі мен сенімділігіне мониторинг жүргізу;

- мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттардың іс-қимылдарын үйлестіру;

- жастардың жергілікті өзін-өзі басқаруға белсенді қатысуы, «жауапты азаматтық» қалыптасуы;

- еріктілерді, жастарға әлеуметтік қызмет көрсетуді ынталандыру және қолдау (оның ішінде заңнама деңгейінде);

- жастар жұмысшыларын даярлаудағы өзгергіштік;

- жастар бағдарламаларын іске асыруды қаржыландырудың әртүрлі нысандарын қолдану және т.б.

Талдау нәтижесі көрсеткендей, шет елдердің жастар стратегиясы білім беру мен еңбек нарығында жастар үшін тең мүмкіндіктер жасауға, сондай-ақ белсенді азаматтық және әлеуметтік интеграцияны ынталандыруға бағытталған. Қойылған мақсаттар бейресми оқытуды, қатысуды және ерікті қызметті насихаттау үшін жастарға бағытталған нақты жастар бастамалары арқылы қол жеткізіледі. Стратегиялар жеті бағыт бойынша бастамаларды ұсынады: білім беру және оқыту; жұмыспен қамту және кәсіпкерлік; денсаулық және әлауқат; қатысу; еріктілер қызметі; әлеуметтік интеграция; шығармашылық және мәдениет болып табылады.

Қорытындысында, шет елдердің жастар саясатын іске асырудағы моделі Қазақстан моделінен айырмашылығы жоқ деп айтуға болады.

## **Тарау 2 Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының іске асырылу жағдайына талдау**

### **2.1 Қазақстан Республикасында мемлекеттік жастар саясатын іске асырудағы мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға талдау**

Бүгінгі таңда Қазақстанның жастар саясатында қажетті ұйымдастыру – функционалдық институттар құрылды, тиісті заңнамалық актілер қабылданды және осы саладағы өз даму жолында белгілі бір тәжірибе жинақталды.

Мемлекеттік жастар саясатының қалыптасу кезеңі жүйелендірумен және интеграциялаумен, үздік әлемдік практикалармен, сондай-ақ қазақстандық жастарды шоғырландыру үшін жеке қолайлы тетіктерді әзірлеумен сипатталады.

Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатының даму тенденциялары 5 негізгі және 2 аралық кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең - 1991 жылғы 28 маусымда «Қазақ КСР-індегі мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңды қабылдау [29];

Аралық кезең - Қазақстанның 1994 жылы «Бала құқықтары туралы Конвенциясы» ратификациялауы, онда баланың жасы 18 жасқа дейін тіркелген [30];

Екінші кезең – 1999 жылы 28 тамызда «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» тұжырымдамасы қабылданды [31];

ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 17 ақпандағы №249 қаулысымен бекітілген «Қазақстан жастары» аралық бағдарламасы [32];

Үшінші кезең - 2004 жылғы 7 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы қабылданды [33];

Төртінші кезең - 2015 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 маусымдағы № 603 қаулысымен бекітілген «Қазақстан 2020: болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданды [34];

Бесінші кезең - 2015 жылғы 9 ақпанда «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [8].

Тәуелсіз Қазақстан елінің басты басымды қатарының бірі жастар саясаты болғандықтан жастарды жалпы қоғамдық үдерістерге қосу мақсатында ынталандыру шаралары іске асырылып, олардың өзін-өзі қалыптасыту үшін мемлекеттік деңгейде жағдайлар жасалуда. Жастардың инновациялық әлеуетін тиімді қолдана білген және жастарға айрықша көңіл бөлген мемлекет стратегиялық артықшылыққа ие бола отырып, саяси және экономикалық табысқа жете алады.

Мемлекеттік жастар саясатын іске асырудағы уәкілетті органның стратегиялық бағыттарының бірі - «Жастар саясаты», яғни «Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына жастарды тартуға жағдай жасау».

Қазіргі таңда, мемлекеттік жастар саясатында бірнеше жол карталары және жоспарлары бар:

«Қазақстан 2020: болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (екінші кезең – 2016 – 2020 жылдар) [34].

Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша әкімдіктер мемлекеттік-жеке серіктестік тетігін белсенді енгізе отырып, қалалар мен ауылдардағы бос уақыт инфрақұрылымын қалыптастыру мақсатында Жастардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша 2017-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

2018 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Министрлік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Түркістан облысы мен Шымкент

қаласының жастарымен жұмыс жөніндегі 2018-2019 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарын әзірленіп, денсаулық және спорт, құқық бұзушылықтың және девиантты мінез-құлықтың алдын алу, жұмыспен қамту, әскери-патриоттық тәрбиені дамыту бойынша іс-шара қамтылған [35].

18-29 жас аралығындағы NEET жастарды, оның ішінде 2018 жылғы түлектерді жұмыспен қамту және әлеуметтендіруді қамтамасыз ету жөніндегі жол картасы. Жол картасы 6 бағыт (кәсіптік бағдар беру жұмысы; Кәсіптік оқыту; жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету; жастар кәсіпкерлігін дамыту; жастарды әлеуметтендіру; ұйымдастыру-әдістемелік іс-шаралар) бойынша 30 іс-шара қамтылған [36].

Жалпы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру үшін республикалық бюджеттен жұмсалатын шығындар саны жыл сайын артып келеді. Соған дәлел, жастар жылының өткізілуі.

Біз білеміз, Елбасының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауына сәйкес жастардың жылын іске асыру мақсатында жол карта жасалды [20].

Мемлекет басшысының 2019 жылды - жастар жылы деп жариялау бастамасын орындау үшін Министрлік жастар жылын өткізу бойынша жол картасын әзірлеп, бекіткен. Жол картасы 89 тармақтан және 5 бағыт көзделген.

Бірінші бағыт. Жастарды, оның ішінде жұмыс істейтіндерді тұрғын үймен қамтамасыз ету. Жұмыс істейтін жастарға Нұр-сұлтан, Алматы, және Шымкент қалаларында 1 000 жалдамалы пәтер жыл сайын салу.

Екінші бағыт. Жастарды еңбекпен қамту. «Жас кәсіпкер» бағдарламасын әзірлеу, жас кәсіпкерлерді қолдау, оқыту, жаңа бизнес жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар ұсыну қарастырылған.

Үшінші бағыт. Білім беру мен волонтерлікті дамыту. «Жас маман» бағдарламасын әзірлеу көзделген.

Барлық жоғары оқу орындары мен колледждерді Ашық университет жобасына қосу.

Ғылыми және қолданбалы зерттеулерді грант негізінде қаржыландыру, яғни жыл сайын 3 миллиард теңгеге көбейту және қайырымдылық қызметпен белсенді айналысатын студенттер үшін стипендияны 30%-ға арттыру.

Төртінші бағыт. Жастардың әлеуметтік белсенділігін дамыту.

«Жасыл Ел» қозғалысы негізінде «Жасыл қала - Жасыл ауыл» жалпыұлттық жобасын іске асыру және құрылыс компанияларында Студенттік құрылыс отрядтары үшін квота бөлу көзделген.

Бесінші бағыт. Жас отбасын, денсаулықты және әлеуметтік инклюзивтілікті қолдау. Өңірлерде жастар үшін чемпионаттар мен универсиадаларды өткізу тәжірибесін жаңарту жоспарланған.

Жастар жол картасын іске асыру үшін республикалық бюджеттен 292 млрд. 742 млн. 34 мың теңге қаражат қарастырылған. Қаражаттың қандай іс-шараларға бөлінгеніне толығырақ талдау жасайтын болсақ:

I. 675 000 000 теңге жастар жылының салтанатты ашылуы мен жабылуына қарастырылған:

II. Ең жоғары жұмсалған қаражат жаңа бастамаларға 288 884 145 000 теңге, оның ішінде жұмысшы жастарға жылына мың жалдамалы пәтер, Астана, Шымкент, Алматы қалаларында тұрғын үй салуға 21 600 000 000 теңге, жұмыспен қамту бойынша (грантар бөлу және кәсіпкерлікті дамыту) 183 602 893 000 теңге, білім беру және волонтерлікті дамытуға 83 621 996 000 теңге, жастардың әлеуметтік белсенділігін дамытуға 59 256 000 теңге қарастырылған.

III. ҮЕҰ гранттық қолдауға 2 622 363 000 теңге инновациялық фестивальдар өткізуге, суицидтке қарсы іс-шаралар, жастардың ішкі туризмін дамыту, өңірлерде білім курстарын, отбасыны қолдау бойынша орталық ашу, «Қазақстанды таны» әлемдік блогерлердің форумын өткізуге және тағы басқа іс-шараларға жұмсалған.

IV. Мемлекеттік органдардың іс-шараларына: акциялар, чемпионаттар, спорт фестивальдарын өткізуге, Қазақстан Республикасында паралимпиадалық ойындарды өткізуге, жазғы универсиада өткізуге, 2019 жас отбасылар бойынша ұлттық баяндама жазуға, «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жастар жиынын ұйымдастыруға, денсаулық мәселесі бойынша бейнероликтерді түсіруге және таратуға 560 526 000 теңге қарастырылған [13].

Қарап отырсақ, жастар жылын ашу мен жабылуына, бір күндік іс-шараны ұйымдастыру үшін оның ішінде 3 форумға, имидждік іс-шараларға 675 млн. қаражат тиімсіз жұмсалды деп есептеймін. Жастар жылы жас қазақстандықтардың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін (сапасыз білім, қолжетімсіз баспана, жұмыспен қамту) шешуге жарияланған. Жастардың өзекті мәселесін шешу үшін арнайы жастар жылын жариялау үшін салтанатты іс шараның өткізілгендігін тиімсіз деп санаймын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ. Тоқаев 2020 жыл - Волонтер жылы деп жастар жылының жабылу салтанатында жарияланған болатын [4].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қаңтардағы «Волонтер жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» № 3 қаулысы бекітілді.

Волонтер жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары 7 бағыттан (волонтерлік қызмет үшін қолайлы ортаны дамыту, волонтерлік қызмет бойынша инфрақұрылымды дамыту және оған қатысушылардың әлеуетін арттыру, азаматтардың волонтерлік қызметке қатысуын кеңейту, волонтерлік қызмет бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту, тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін волонтерлікті дамыту) және 40 іс-шарадан тұрады [37].

Биылғы жолдау алдында азаматтарға, әсіресе жастар мен студенттерге волонтерлық іс-шараларға қатысу шеңберін кеңейте түсу және оларға болашақта белсенді өмірлік ұстаным дағдыларын қалыптастыру міндетін қойып отыр. Бұл шаралар негізінен азаматтық қоғамды нығайтуға бағытталған. Бұл бастамаларды жүзеге асыру барысында болашақ жастарға қоғамдағы ең белсенді және мобильді әлеуметтік топ ретінде үлкен рөл артылып отыр.

Мемлекеттік жастар саясаты Заңына сәйкес жастар саясатын жүзеге асыруда тоғыз бағыт бар, ол білім, жұмыс, тұрғын үймен қамту және тағы басқалар. Аталған бағыттарды іске асыру үшін бүгінгі таңда бірқатар жастар бағдарламалары мен бастамалар бар, соларға тоқталып, талдау жасайық.

Әлемдегі кез келген мемлекет үшін, соның ішінде Қазақстан үшін сың-қатер ретінде ертеңгі жұмысшылардың, кәсіпкерлердің, ата-аналардың және әрине, қоғам көшбасшылардың капитал салымына, яғни қазіргі жастарға инвестиция жасау болып табылады. Жастар өмірінің аса маңызды бес кезеңге бөлуге болады. Олар: оқу, жұмыс, денсаулықты сақтау, отбасын құру және азаматтық ұстанымды жүзеге асыру. Осы ретте бір кезеңді, жұмыспен қамтамасыз ету үшін мемлекет жастарды жұмысқа орналастыру жөніндегі бағдарламалар мен жобаларды әзірлейді. Олардың бірі – «Дипломмен – ауылға!» жобасы.

**«Дипломмен-ауылға!» жобасы** бойынша кез келген жоғарғы оқу бітірген маман өзін қаладан көргісі келеді. Сол себептен, ауылды жерлерде кадрлардың жетіспеушілігі айқын байқалады. Жоба Ауыл шаруашылығы министрінің қолдауымен жүзеге асады.

Жобаның мақсаты – жұмыссыз жас мамандарды ауылды жерлерде жұмысқа орналастырып, ауылдың әл-ауқатын көтеру болып табылады.

Бағдарламаға денсаулық сақтау, білім беру, агроөнеркәсіптік кешен, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандықтары бойынша жастар қатыса алады. Жобаға қатысқан жас мамандарға 70 АЕК көрсеткішке тең бір реттік көтерме жәрдемақы, яғни 168 350 теңге және тұрғын үй сатып алу үшін 1500 АЕК тең, яғни 3 607 500 теңгеге дейін 15 жыл мерзімге 0,01% мөлшермен бюджеттік несие түрінде әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Жұмысқа орналасып, әлеуметтік көмек алғаннан кейін жас маман сол ауылда тұрақты түрде 3 жылға дейін жұмыс істеуі қажет.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің деректері бойынша «Дипломмен ауылға» жобасын іске асыру кезеңінде 60 мыңнан астам маман 15,3 млрд.теңге сомасына көтерме жәрдемақы, ал 27,5 мыңнан астам маман тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін 70,6 млрд. теңге сомасында бюджеттік кредиттер алынды.

Соңғы жылдары жобаны іске асыру үшін республикалық бюджеттен бөлінетін қаражаттың оң динамикасы байқалады – 2016 жылы бюджеттік кредит беруге 8,6 млрд.теңге, 2017 жылы – 11,0 млрд. теңге, 2018 жылы - 13,6 млрд. теңге бөлінген [17].

Жергілікті атқарушы органдар тарапынан саясатты іске асыруда, сондай-ақ оған жастардың қатысуында олқылықтар бар. Мысалы, жеңіл бюджеттік кредит шеңберінде тұрғын үй сатып алуға қаражат бөлу кезінде сыбайлас жемқорлықтың бар екендігі. Мәселен, атап айтқанда:

- Әлеуметтік қолдау шараларын алу кезінде үміткерлерге қысым жасау, құжаттың болмауына сілтеме жасау арқылы кейбір мамандарға көтерме жәрдемақы төлеуден негізсіз бас тарту;

- Жас мамандармен 2014 жылы берілген өтініш тіркелмеген және мәні бойынша қаралмаған [38].

- ОҚО «Атакент» емхана қызметкерлерінің өтініштеріне сәйкес, көтерме 35-45 жастағы тұлғаларға төленеді. Нәтижесінде ауылға жаңа жас мамандардың сырттан келуін және тұруын ынталандыру нысаналы мақсаты бойынша бюджет қаражаты дұрыс пайдаланылмайды [39].

Басқа проблемалық мәселе жастардың өз міндеттемелеріне адал көзқарастарының жоқтығы [40].

- Мамандардың жасалған келісімдер талаптарын орындамауы;

- Мамандардың тұрғын үй сатып алуға, оның ішінде өз тұрғын үйін немесе ата-анасына тиесілі тұрғын үйді сатып алу-сату бойынша мәмілелер жасау жолымен бюджеттік кредиттерді негізсіз алу фактілері орын алған [41].

Ауылда тұрғын үй нарығының теңгерімсіздігі мен дамымауы объективті проблема болып отыр, көбінесе тұрғын үйдің нарықтық бағасы төлем көлеміне сәйкес келмейді.

2019 жылы маусым айында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясымен ұйымдастырылған тағылымдама өту барысында аталған бағдарламаның ауыл аймақтарында қанағаттанарлықтай жүзеге асырылмайтыны байқалады.

Жобамен ауылға баратын жас мамандарға тұрғын үй тапшы болып отыр. Мысалға, Қарағанды облысы, Шет ауданында медицина саласында жұмыс істейтін жас маманның ауруханада тұратыны атап өтуге болады.

Аталған мәселе бойынша жергілікті әкімдіктер ауылды жерде жастар үшін үйдің жетіспеушілігі және үй салуға қосымша қаражаттың қарастырылмайтындығын түсіндірді. Жоба бар, бірақ, ресурс жоқ екендігі байқалады.

Сондай-ақ, жоба бойынша мамандықтар тізбесін кеңейту және жобамен ауылдарға жұмыс істеуге баратын жастарға тұратын тұрғын үй мәселесін қарастыру немесе жалдамалы тұрғын үйлер салу мүмкіндігін қарастыру, жобаны автоматтандыруды қажет етеді.

«Дипломмен ауылға!» жобасы бойынша SWOT анализі 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1. «Дипломмен – ауылға!» жобасына SWOT анализ

<b>Күшті жақтары</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>
Мемлекет тарапынан қаржылай қолдау; Мемлекеттік органдар тарапынан мониторинг жасалуы.	Жобаның мақсатына қол жеткізу бойынша нәтижелерді бағалау жүйесінің болмауы; Жоба туралы жастардың нашар хабардар болуы.
<b>Мүмкіндіктер</b>	<b>Қауіптер</b>
<a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> электрондық порталы, бағдарламаға құжатты тапсыруды электронды түрде қабылдау.	Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар; Жастар тарапынан мемлекет бюджетіне залал келтіретін бұзушылықтар;



	Транспаренттіліктің болмауы; Есеп берудің әлсіз тетігі; Ауылдық жерлерде инфрақұрылымның (газ, су, жолдар, санитарлық жағдайлар, демалу орындары, цифрландыру) толық болмауы.
Ескерту – Автормен құралған	

### **«Мәңгілік ел жастары – индустрияға» (Серпін) жобасы**

ҚР Білім және ғылым министрлігімен жоба аясында оқу көші-қонын ынталандыру саласындағы мемлекеттік саясат іске асырылуда.

Жоба 2014 жылдан бастап жұмыс істейді. Жоба мақсаты – халық саны тығыз орналасқан Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы (Алматы, Оңтүстік-Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда және Маңғыстау облыстары) жастарды кадр жетіспеушілігі бар солтүстік, батыс және шығыс өңірлерінде педагогикалық, техникалық және ауылшаруашылық мамандықтарын оқытып, жұмысқа орналастыру болып табылады. Жоба аясында грант арқылы түскен студенттерді жатаханамен қамтамасыз етеді және университет жұмысқа тұруға қолғабыс береді [14].

Қазіргі уақытта «Серпін» жобасы бойынша оқыту педагогикалық, техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша жүргізіледі және 26 ЖОО-да 16 472 және 37 колледжде 2 276 жастар білім алуда.

2018 жылы университеттерде «Серпін 2050» бағдарламасы бойынша оқуға 5089 грант бөлінген, ал 2017 жылмен салыстырғанда бұл 1376 грантқа артық.

Бағдарлама 14 облысты қамтиды, оның 9-ы қабылдаушы, ал 5-і жіберуші өңірлер болып табылады [17].

### **«Жасыл ел» бағдарламасы**

«Жасыл ел» – Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2005 жылғы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Жолдауының 3 тармағы 3.5 тармақшасына сәйкес ХХІ ғасыр деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлау аясында қабылданған жоба. Аталған жоба студенттерді каникул кезіне көгаландыру, абаттандыру, ағаш отырғызу және тағы басқа бағыттармен жұмыспен қамтиды [42].

«Жасыл ел» жобасы бойынша 2018 жылы 24 мың, 2016 жылы 18 мың, 2015 жылы 24 мыңнан астам, 2014 жылы 12 мыңнан астам жастар қатысқан. Жылдарды салыстыратын болсақ, әр жыл сайын жасыл ел жобасына қатысушы жастар саны артылған. 2005 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Жасыл ел» жалпыұлттық бастамасына 200 мыңнан астам жастар қатысты.

Орташа жалақы 45 мың теңгені құрады. Нұр-сұлтан қаласында жастар 90-100 мың теңгеге дейін, өңірлерде 65 мың теңгеге дейін.

«Жасыл ел» жобасын іске асырудың тиімділігін арттыру мақсатында 2017 жылдан бастап жастар еңбек жасақтарын дамытуға (еңбекақыға қосымша

ақы, киім-кешек тігу) 895 375 мың теңге мөлшерінде қаражат өңірлерге трансферттермен берілген [17].

Аталған бағдарлама бойынша студенттер ғана жұмыс істей алады. Ал, бізде ауылды жерде көп жастар жоғарғы оқу орындарда білім алу мүмкіндіктері жоқ. Сол себептен, көп балалы және аз қамтылған отбасыларынан шыққан жастарды жасыл ел бағдарламасы арқылы жұмыспен қамтыса дейміз.

### **Халықаралық жастар ынтымақтастығы**

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты саласындағы халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының заңнамасы және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының негізінде жүзеге асырылады [43].

Қазіргі уақытта 12 елмен екіжақты келісім-шарттар жасалды.

Олар: Украина, Түркменістан, Тәжікстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Беларусь, Сауд Арабия Корольдігі, Грузия, Катар, Германия Федеративтік Республикасы, Египет, Иордания Хашимит Корольдігі.

Қазақстанның жастар ұйымдары 3 халықаралық ұйымдардың мүшелері болып табылады.

ТМД жастар саясаты жөніндегі кеңесі, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) Жастар кеңесі, Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ).

2017 жылы Қазақстан алғаш рет АҚШ, Нью-Йорк қаласында өткен БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік кеңесінің Халықаралық форумы жұмысында алғаш рет өкілдік етті (2017 жылғы 30-31 қаңтар).

Сербия жастарының мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумның жобасы әзірленген [17].

### **«Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы**

Бағдарламаның мақсаты – өңір аймақтарында кәсіпкерліктің дамуына және өсуіне қолғабыс беру, жұмыс орындарын сақтап, жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру болып табылады.

Бағдарлама міндеттері: ауылдық елді мекендер, шағын қалалар мен моноқалалар кәсіпкерлерінің қаржыландыру, өндірістік қуатын ұлғайту, бизнес бастамаларын кеңейту және тағы басқалар [15].

### **«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы**

Бағдарлама мақсаты – өзін-өзі қамтыған, жұмыссыз, білімі жоқ жастарды үш бағыт бойынша нәтижелі жұмыспен қамтамасыз ету.

Бірінші бағыты: бағдарламаға қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен қамтамасыз ету.

Екінші бағыты: жаппай кәсіпкерлікті дамыту.

Бағдарламаның үшінші бағыты «Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту» [11].

2019 жылы «Жастар» жылы жол картасын іске асыру мақсатында нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы аясында жаңа бағдарлама «**Жас кәсіпкер**» құрылды.

Бағдарлама мақсаты – 18-29 жас аралығындағы кез келген жұмыссыз жастарға кәсіппен айналысуға мүмкіндік беру. 15 күндік кәсіпкерлік негіздеріне оқытып, 19 273 теңге көлемінде стипендия төленеді. Кейін бизнес жобасы құрылып, жеке кәсіптері ашылады. Жеке кәсібін ашуға 505 000 (200 айлық есептік көрсеткіш) теңге қайтарымсыз несие және 6% жеңілдікпен 6,5 жылға 8000 АЕК көлемінде несие беріледі.

2019 жылдың қорытындысы бойынша кәсіпкерлік білім алуға 20 000 жастар қатысқан, 16 329 жас – бизнес жобаларын қорғап шықты, 668 жас – грант және 10 жас – несие алды [44].

2019 жылы Академия тарапынан ұйымдастырылған тағылымдама аясында Қарағанды облысы Шет ауданы Ақадыр кенті жастары аталған бағдарлама бойынша құжаттарды қабылдау жөнінде жариялымдардың болмайтындығын және жергілікті атқарушы органдармен аталған жобаға қатысу үшін гранттар, құжаттар және үміткерлер бойынша дұрыс шешім қабылдамайтындарын атап өтті. Бағдарламаға қатысқан жас кәсіпкерлер қайтарымсыз несие алғаннан кейін кәсібі жоспар бойынша әрі қарай жүзеге аспайтындығын және қайтарымсыз несиені өз қажеттіліктеріне және тиімсіз жұмсау мәселелерін атап өтті.

Сол себептен, аталған жобаны автоматтандыру арқылы грант беру туралы шешімдер процестерін оңтайландыру және грант сомасын ұлғайтып, жеке кәсіптің жүзеге асқаны бойынша әкімдіктермен қадағалануы қажет.

Есеп комитеті нәтижелі жұмыспен қамту және «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламаларының орындалуы туралы қорытындысын жасады. Аталған қорытынды «2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заң жобасын бағалау жөніндегі республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есебінде көрсетілген.

Есеп комитеті Елбасының тапсырмасына сәйкес 2019-2021 жылдарға жоспарланған бюджет жобасында микрокредит беруді кеңейту жөніндегі жаңа бастамаларға арналған шығыстарға қорытынды жасаған.

«Нәтижелі жұмыспен қамту» және «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламалардың іс-шаралары және кәсіпкерлік негіздеріне оқыту бойынша бағыттың қайталануын анықтаған.

Кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға екі бағдарламада да бірыңғай операторы «Атамекен» ҰКП бола тұра, «Бастау Бизнес» жобасына бөлінетін қаражат (1,2 млрд.теңге) ал, «Бизнес мектеп» (0,2 млрд. теңге) және екі бағдарлама бойынша бөлінген қаражатқа 15 000 тыңдаушыны оқытып шығу қажет, яғни «Бастау бизнес» жобасы 1 млрд. теңгеге «Бизнес мектеп» жобасынан қымбат екені айқындалған.

Сонымен қатар, 2017 жылдың қорытындысы бойынша «Бизнес-мектеп» компоненті бойынша қаржыландырудың салыстырмалы төмен көлеміне қарамастан кәсіпкерлік негіздеріне оқыту саны жоспар бойынша 15 000 адам болғанда 22 291 адамды құрған [45]. Деректер 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2. Нәтижелі жұмыспен қамту және БЖК-2020 бағдарламалары шеңберінде кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының салыстырмалы кестесі [45]

Ақпарат	Нәтижелі жұмыспен қамту	БЖК-2020
Бағдарлама міндеттері	1. Кәсіпкерлік негіздеріне оқыту 2. Ауылда және қалада шағын кредит беруді кеңейту	1. Ауылдық елді мекендер, шағын қалалар мен моноқалалар кәсіпкерлерін қаржыландыруға қолжетімділігін арттыру 2. Ауылдық елді мекендерде, шағын қалалар мен моноқалаларда кәсіпкерлердің бизнес бастамаларын кеңейту 3. Кәсіпкерлердің/индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің құзыреттілігін арттыру
Нысаналы индикаторлар	Жұмыс істеп тұрған шағын орта бизнес субъектілерінің белсенді өсімі 10% құрайды. (3 кв. 2016 – 1 241 мың субъект)	Белсенді жұмыс істейтін шағын орта бизнес субъектілерін 2014 жылғы деңгейден 50% - ға ұлғайту
Іске асыру мерзімі	2017-2021жж.	2015-2019жж.
Бағдарлама әкімшілері	ҰЭМ, АШМ	ҰЭМ
Қаржылық емес қолдау операторлары	«Атамекен» ҰКП	«Атамекен» ҰКП
Қаржылық қолдау операторлары	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ

Кесте 1 жалғасы

Ақпарат	Нәтижелі жұмыспен қамту	БЖК-2020
Бағдарлама бағыттары	Жаппай кәсіпкерлікті дамыту: - «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту (1,2млрд. теңгеге 15000 тыңдаушы оқыту) - кәсіпкерлік бастамаларды қолдау - қалаларда және ауылдарда кредиттерге/микрокредиттерге кепілдік беру	Моноқалалар, шағын қалалар және ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерінің жаңа бизнес-бастамаларын қолдау: - банктердің/даму банкінің кредиттері бойынша ішінара кепілдік беру - мемлекеттік гранттар беру; - микроқаржы ұйымдарының банктер алдындағы

	- жаңа бизнес-жобаларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру	кредиттеріне ішінара кепілдік беру Кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылық емес шаралары: -кәсіпкерлікті ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету («Бизнес – Насихат» жобасы бойынша мемлекеттік қолдау шараларын түсіндіру» құралы)- кәсіпкерлердің/индустриялық – инновациялық қызмет субъектілерінің құзыретін дамыту («жас кәсіпкер мектебі» құрауышы, «Бизнес-мектеп» құрауышы)» (0,2млрд. теңгеге 15000 тыңдаушы оқыту)
Бағдарлама қатысушылары	Жұмыспен қамту орталықтарында тіркелуіне қарамастан жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, кәсіпкерлік әлеуеті бар ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер, ауыл шаруашылығы кооперативтері және зейнеткерлік жасқа толмаған олардың мүшелері, шаруа және фермер қожалықтары	Ауылдық елді мекендерде, шағын қалаларда және моноқалаларда салалық шектеусіз өз және тиімді жобаларды іске асыратын (немесе) іске асыруды жоспарлайтын кәсіпкерлер және бастаған кәсіпкерлер

Кесте 1 жалғасы

Ақпарат	Нәтижелі жұмыспен қамту	БЖК-2020
2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасы шеңберіндегі шығыстар	ҰЭМ 048 «облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне облыс орталықтарында, Астана, Алматы, Түркістан, Семей қалаларында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге	ҰЭМ 087 «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде іс – шараларды іске асыру» 26 382 618 мың теңге сомасында қаражат, оның ішінде: 2019 жылы - 9 020 546 мың теңге, 2020 жылы - 8 758 536 мың теңге,

	<p>кредит беру» - жыл сайын 9 311 124 мың теңгеден;  АШМ 264 «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға облыстық бюджеттерге кредит беру» - жыл сайын 44 759 007 мың теңгеден;  266 «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлік жөніндегі іс - шараларды іске асыру» - жыл сайын 1 200 000 мың теңгеден «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға</p>	<p>2021 жылы-8 603 536 мың теңге;   017 «кәсіпкерлік саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау»- жыл сайын 153 376 мың теңгеден</p>
--	--	--

Бағыттар мен бағыттар көрсеткіштері талдаусыз қалыптастырылуы, және қаржыландыруы нақты көлеміне қарай қарастырылмағандығын Есеп комитеті атап өткен. Кәсіпкерлікке оқыту бойынша оқытушылар санын қайта қарастыру қажеттілігін көрсетеді.

Есеп комитеті «Нәтижелі жұмыспен қамту» және БЖК-2020 бағдарламалары шеңберінде қайталанатын іс - шараларды біріктіру арқылы тиімсіз жұмсалатын шығыстарды оңтайландыру орынды деп санайды.

Сонымен қатар, АШМ 266 «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлік жөніндегі іс-шараларды іске асыру», ҰЭМ 017 «Кәсіпкерлік саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау» және 100.087 «Кәсіпкерлік әлеуетті сауықтыру және күшейту» бюджеттік бағдарламаларын біріктіру қажет деп есептейді.

Бірақ, аталған проблемаларды жою бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы № 968 қаулысында ескерілген [46].

Мұндай қателіктер мемлекеттік органдармен бағдарлама аяқталғанда емес, бағдарлама басында ескерілуі қажет екендігін атап кету жөн.

Жастарды қолдау негізінде мемлекеттік органдарда әлеуметтік сатыларды құру мақсатында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев дарынды жастар үшін 2019 жылы «Президенттік жастар кадр резерві» жобасы құру бойынша ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне тапсырма берді [47].

Жоба бойынша мәселерді, резервті қалыптастыру және кандидаттарды таңдау бойынша функцияларды Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар кадр резерві жөніндегі ұлттық комиссия қарады [47].

Аталған, жоба 2019 жылғы қыркүйек айынан бастап желтоқсан айына дейін жүргізілді. Жалпы жоба 6 кезеңнен тұрды. Іріктеуден 13 212 қатысқан

кандидаттардан 300 дарынды кандидаттарды президенттік жастар кадр резервіне іріктелінді. Қатысу ережесі 3 суретте көрсетілген [48].



Сур. 3 – Қатысу ережелері [45]

Жобаға қатысу үшін ең көп құжат тапсырған кандидаттар Нұр-Сұлтан қаласынан -1 379 адамнан 199, Алматы қаласынан – 493 адамнан 43 жас кандидаттар резервке іріктелінді.

ҚР президенті Қ. Тоқаев тұңғыш рет мемлекеттік қызмет жүйесінде жас, талантты басқарушыларды ілгерілету және өзінің сайлау алды бағдарламасында Президенттік кадр резервін қалыптастыру қажеттігі туралы идеяны жария етті. Резерв жаңа формация көшбасшыларын тартуға және мемлекеттік аппаратта кадрларды ілгерілетуге байланысты тәсілдерді жетілдіруге ықпал етуге бағытталған.

Резервшілер тізіміне жеке сектордан 102, квазимемлекеттік сектордан 98, ал 96 – мемлекеттік қызметшілер кірді. Іріктеу жеңімпаздарының орташа жасы 31 жылды құрады [49].

Бөлімді қортындылайтын болсақ, ҚР мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда мемлекет тарапынан жастардың жеке дамуына құқықтық және экономикалық қолғабыс берілуде.

Бірақ, жастардың өмір талабына сай, еліміздің жыл сайын дамуына орай қолданыстағы кейбір бағдарламалар мен жобалар жетілдіруді және автоматтандыруды қажет етеді.

## 2.2 Жастардың әлеуметтік экономикалық-жағдайын талдау

Жастар – қоғамның маңызды әлеуеті. Олардың жас ерекшеліктеріне қарамастан, кәсіби тәжірибесі болмаса да елімізге әкелетін шығармашылық және инновациялық күштері бар. Сондықтан, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының басты стратегиялық бағыты ол - жастарды жұмыспен қамтамасыз ету, еңбек нарығында кәсіби бәсекелестік дағдыларын дамыту, сонымен қатар, жастарға ең бастысы қолдау көрсету болып табылады.

Жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы бойынша талдау 3 блок арқылы жүргізілді:

I. «Жастар» ҒЗО статистикалық ақпараттарына сәйкес жасалған зерттеулер;

II. Тағылымдама барысында жастар саясаты саласында жұмыс істейтін сарапшылардан алынған тереңдетілген сұхбаттарға сәйкес жасалған зерттеулер;

III. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Өңірлерде жастармен мотивациялық жұмыс жүргізу үшін менторлардың 4 тобының шығуын ұйымдастыру» атты әлеуметтік жоба аясындағы тапсырысын ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы орындау мақсатында академия профессорлары Р.Т. Дуламбаева, С.А. Джумабаев және біз магистранттар мен докторанттар Қазақстан бойынша жастар арасында өзекті мәселерді анықтау үшін жүргізілген электрондық сауалнамаға сәйкес жасалған зерттеулерден тұрады.


Жастар арасындағы қазіргі процестерді болжау, мемлекеттік жастар саясатын қазіргі заман саясатына бейімдеу және жастарды қоғамның әлеуметтік-экономикалық процестеріне қатысуын арттыру перспективаларын аналитикалық түсіну ерекше маңызды. Осы мақсатта жыл сайынғы «Қазақстан жастары - 2019» ұлттық баяндамасы «Жастар» ғылыми зерттеу орталығымен әзірленеді. Бұл Қазақстан жастарының өмірінің негізгі бағыттары мен жағдайын жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

Бірінші блок. Төменде «Жастар» ҒЗО социологиялық зерттеуіне сәйкес әзірленген «Қазақстан жастары – 2019» ұлттық баяндамасына сәйкес Қазақстан жастарының әлеуметтік-экономикалық жағдайына талдау жасайық [50]:

#### **Жастар арасындағы демографиялық жағдай**

Соңғы екі-үш жылда жекелеген демографиялық топ ретінде жастардың қысқару үрдісі байқалады. 2018 жылы жастар саны (14-29 жас) 3 900 834 адамды немесе халықтың жалпы санының 21,5% құрады (2018 жылмен салыстырғанда жастар санының 93 559 адамға азайғаны 4 суретте көрсетілген) оның ішінде қалада 2 204,8 мың адам (56,5%) және ауылда 1 696,0 мың адам (43,5%) тұрады.

Статистика деректері бойынша 2014 жылдан бастап 2019 жылға дейін жастар саны 10,8%-ға қысқарған [50. 9-20б.].



Сур. 4 – Жастар санының деңгейі жыл сайынғы төмендеуі

Ескерту – Әдебиет негізінде автормен құралған [50. 9-20б.]



## Жастар денсаулығының сапасы

«Қазақстан жастары» баяндамасына сәйкес жастар арасында әлеуметтік-маңызды аурулардың қатарында келесі үрдістер анықталды.

Жастар денсаулығы сапасының көрсеткіштері өкпе туберкулезімен сырқаттанушылықтың жоғары деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар, жастар арасында алғаш рет анықталған қатерлі ісіктердің саны азайғаны байқалады. Жалпы, республика бойынша аурудың жоғары саны 24-29 жас аралығындағы топта байқалады.

Жас ұрпақтың психикалық денсаулығы мәселелерінде суицидтер жастар арасындағы өлім себептерінің бірі болып табылатынын атап өткен жөн. Қазақстанда суицидтің 60%-ын жастар жасайды. Жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті тікелей өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттерінен 2 есе көп жасалады және наркологиялық диспансерде тұрған жастар бойынша деректер 5 суретте көрсетілген [50, 21-456.].



Сур. 5 – Жастардың денсаулық сипаттамасы

Ескерту – Әдебиет негізінде автормен құралған [50, 21-456.]

Жас ұрпақтың денсаулығы бейінді органдардың жіті назарында және негізгі аспектілер Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген (*ҚРҰҚ 26.12.2019 ж. №982*). Бағдарламада БМСК желісіндегі жастар денсаулық орталықтарының қызметін жетілдіру, денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері үшін, әсіресе жас мамандарға, соның ішінде ауылдық жерлерде, шағын қалаларда, өңірлерде әлеуметтік қолдау шараларын күшейту көзделген [10].

## Жастар өміріндегі білім және ғылым

Білім беру саласында негізгі ұстанымдар мектептерде үш ауысымды оқытуды жою, қалалық және ауылдық оқушы жастардың білім беру жетістіктеріндегі алшақтықты қысқарту, балалар мен жастарды қосымша біліммен қамтудың жоғары көрсеткіштерін қамтамасыз ету мәселелерін қамтиды.

Жоғары білім берудің отандық жүйесінің сапасы мен тартымдылығының маңызды көрсеткіші оның интернационалдандыру дәрежесі болып табылады. Бұл балалар мен жастардың білім берудегі тілдік қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік беретін отандық білім беру жүйесінің ерекшеліктерінің бірі.


ҚР Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №988 қаулысы) 14 жастан бастап жастарға көмек пен мүмкіндіктердің кең спектрін қамтиды: мектеп және колледж оқушыларын «Жас Ұлан», «Жас Сарбаз» қозғалыстарына тарту, ТЖКБ және жоғары оқу орындарынан оқып шыққан түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету бойынша Жол картасы іске асырылуда. Мәселен, техникалық және кәсіптік білім бойынша 457 942 жастар білім алуда [50, 46-58 б.].

### Жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы

Статистикалық деректер жастардың еңбек нарығындағы жағдайының айтарлықтай оптимистік көрінісін көрсетеді. Жұмыссыздық деңгейі төмен, жұмыспен қамту көрсеткіштері жоғары, яғни 2017 жылы 96,1%-ды, 2018 жылы 96,2%-ды және 2019 жылы 96,3%-ды құрады.

Экономика салалары бойынша-жастар сауда және сервис саласында, білім беруде, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпте жұмыс істейді. Жастардың жұмыссыздық деңгейі жастардың экономикалық белсенді үлесінің 3,7% құрайды. Соңғы үш жылда ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі 2,6-дан 1,9%-ға дейін төмендеді.

Өз кезегінде, NEET санатындағы жастар 2019 жылы 7,2%-ды, ал 2018 жылы 8,7%-ды және 2017 жылы 9,2%-ды құрады, осы санаттағы жастардың жоғары көрсеткіштері Қарағанды облысында, ең төменгісі-Батыс Қазақстан облысында тіркелген [50, 59-73 б.]. Деректер 6 суретте көрсетілген.




Сур. 6 – Жастардың әлеуметтік-экономикалық сипаты

Ескерту – Әдебиет негізінде автормен құралған [50, 59-73 б.]

## Жастардың моральдық-адамгершілік және құндылық ұстанымдары.

Бірнеше әлеуметтік өлшеулер барысында отбасы жастар арасында танымал және тұрақты құндылық болып қала береді. Отбасының құндылығы этникалық қатыстылығына, қоныстану түріне және жастардың жасына қарамастан инвариантты болып қала береді. Отбасыдан кейінгі екінші орынды денсаулық құндылығы алады. Үшінші орынды жастардың достары, отбасы бар жастарда үшінші орында - балалардың болашағы алады [50, 98-114б.]. Деректер 7 суретте көрсетілген.



Сур. 7 – Жастардың моральдық және құндылық ұстанымдары

Ескерту – Әдебиет негізінде автормен құралған [50, 98-114б.]


## Қоғамдық-саяси үдерістердегі жастар

Соңғы бірнеше жылдың үрдісі мемлекеттік басқару жүйесінде жастар орта деңгейде көрінеді. Бұл тренд мемлекеттің басқару корпусының жасаруына берілген бағамға сәйкес келеді. Алайда жастардың басым бөлігі атқарушы билік құрылымдарында жұмыс істейді.

Жалпы, Қазақстанда орталық мемлекеттік органдарда жергілікті мемлекеттік органдармен салыстырғанда жас мемлекеттік қызметшілердің тұрақты басымдылығы байқалады. Осыған қарамастан, жергілікті атқарушы органдарда мемлекеттік қызметте орталық мемлекеттік органдармен (528 адам) салыстырғанда жастардың көпшілігі (1039 адам) басшылық лауазымдарға ұсынылған.

Жастардың қоғамдық саяси процестеріне тартылу деңгейіне талдау жасалған. Мәселен, Қазақстан өңірлерінде 208 жастар ресурстық орталықтардың кең таралғанына қарамастан, жастар арасында орталықтардың жұмысы туралы хабардарлық деңгейі орта деңгейден төмен екендігін көрсетіп отыр. Сонымен, сауалнамаға қатысқан жастардың жартысынан көбі (57,1%) ЖРО туралы мүлдем білмейтіндігі, 39,5% -ы ЖРО-ның жұмысы туралы белгілі бір дәрежеде ғана

білетіндерін, ал олардың 4,7% -ы осы орталықтарға өз мәселелері бойынша жүгінгендіктерін атап өтті (сурет 8).



Сур. 8 – Жастардың ЖРО жұмысы туралы хабардар болу деңгейі

Ескерту – Әдебиет негізінде автормен құралған [50, 74-976.]

Сонымен қатар, жастардың мемлекеттік бағдарламалардың хабардар деңгейін көруге болады. Көрініп тұрғандай, танымал бағдарламалардың бірі «Дипломмен ауылға» және «Жасыл ел» бағдарламалары (сурет 9).



## Сур. 9 – жастарды қолдау жөніндегі бағдарламалар мен жобаларға хабардар болу деңгейі [50, 74-97б.]

Жастардың негізгі қажеттіліктерінің бірі болып жұмыспен қамту және жұмыспен қамту бойынша шаралар өнімді жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасында кеңінен ұсынылған (ҚРҰҚ 26.11.2019 ж. №875). «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 170 мыңнан астам жас жұмысқа орналасты [11].

Жас ұрпақтың өміріндегі ең танымал проблемалардың бірі тұрғын үймен қамтамасыз ету болып табылады. Негізінде, бұл мәселені шешу үшін бағытталған Мемлекеттік бағдарлама тұрғын үй-коммуналдық даму «Нұрлы жер» на 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚРҰҚ-31.12.2019 ж. №1054). Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында жұмыс істеп жүрген жастарды сатып алу құқығынсыз 5 жылға жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз ету қарастырылған [12].

### **Жастар арасындағы қылмыс**

Соңғы үш жылда қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғалар санының төмендеуінің оң үрдісі байқалады. Алайда, жастар теріс қылықтарға қарағанда көп қылмыс жасайды. Сапалы талдау орташа ауырлықтағы қылмыстар жасалған қылмыстардың негізгі санын құрайтынын көрсетті. Тағы бір кең таралған тәжірибе экономикалық қылмыстар болып табылады. Қазақстандық жастар арасында жиі жасалатын қылмыстар-ұрлық, алаяқтық немесе тонау, яғни меншік саласындағы қылмыстар.

НЕЕТ санатындағы жастар мен оқушы жастар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар санының жоғары көрсеткішін жеке атап өткен жөн. Адамдардың қалған санаттары бойынша статистика тұрақты болып қала береді.

Сонымен бірге 14-29 жастар арасындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 2017 жылы - 45 482, 2018 жылы - 43543 және 2019 жылдың 6 айында - 2096 құрады [50, 115-126 б.]. Деректер 10 суретте көрсетілген.



Сур. 10 – 14-29 жастар арасындағы қылмыс

Ескерту – Әдебиет негізінде автормен құралған [50, 115-126 б.]

Екінші блок. 2019 жылғы қаңтар айында Академия тарапынан диссертациялық тақырыбымызға сәйкес, Жастар және отбасы комитетінде тағылымдама өту барысында комитет сарапшылармен тереңдетілген интервью жүргізілді. Тереңдетілген сұхбат сұрақтары (А қосымшасында) көрсетілген.

Бұрынғы комитет төрағасы Асхат Раздықұлы Ораловпен тереңдетілген сұхбат жүргізілу кезінде төмендегі сұрақтарға алған жауаптар көрсетіледі:

**Жастар саясаты саласында неше жыл қызмет атқарып келе жатырсыз деген сұраққа:** .. 10 жылдам астам қызмет атқарып келе жатқанын, ЕҰУ, Мәскеуде, Астана қаласы маслихатында, Нұр отан партиясында, Жастар және отбасы істері комиеті төрағасының міндетін атқарушысы... болып жұмыс істейтіндігін айтты.

**Мемлекеттік жастар саясатында қандай проблемалар бар деген сұраққа жауап берер алдында А. Оралов ең бірінші жастар үшін жасалып жатқан көмектерді атап өтеді** «... Жастарға Үкімет тарапынан көп деген көмектер беріледі, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жастарға көп көңіл аударады..., Еліміздің, халқымыздың, мемлекеттің болашағы жас ұрпақтың қолында, жастар саясаты жөнінде заң қабылданды, мектеп оқушыларына кітаптар тегін, мемлекет тарапынан төленеді, оқимын деген жастарға жоғарғы оқу орындарына гранттар саны көп, 100 ден аса жоғарғы оқу орындары, 500 ден астам колледждер бар, жұмыссыз жастарға білім беріледі, 2018 жылғы 5 қазанда Елбасымыздың халыққа жолдауында 2019 жыл Жастар жылы деп алғаш рет тарихымызда жарияланды..., Ең бірінші мәселе, жастардың қол жетімді және сапалы білім алу, екінші мәселе жұмыссыздық, бірақ жұмыссыздық деңгейі төмендеп келе жатыр 2017 жылы 4,1 пайыз 2018 жылы 3,9 пайызды құрады (80 мың астам жастар жұмыссыз)..., үшінші мәселе жастарды мазалайтын әрине баспана мәселесі..., Жастарға арналған жол картасы жобасы әзірленді, сол қабылданса, Қазақстанның 3 аймағында жыл сайын 1000 кем емес жастарға пәтер салынады, яғни 3 жыл ішінде 10 мыңға жуық жастар баспаналы болады, ол бірақ жұмысы бар жастарға арналған ..., төртінші мәселе отбасы институты, отбасы дәстүрлерді ұмыта бастадық, 2018 жылы жастар саясаты комитеті емес жастар және

отбасы саясаты комитеті құрылды, ол деген отбасы құндылықтарды, қабілеттіліктерді жаңа бір деңгейге шығару, қалыптасытру..., отбасы институтына арналған жол картасы құрылуда, ол да бір қолдау болады..., қазақта айтадығой отаның отбасыдан басталады ..., бесінші мәселе салауатты өмір салты, салауатты өмірді дамыту үшін біз инфрақұрылымды дамыту керекпіз, әсіресе ауылдарда, аудандарда, шағын қалаларда, егер стадиондар, спорт кешендері салынса, жастар бос уақыттарын тиімді пайдаланса, көп мақсаттарға жетеміз..., осы 5 өзекті мәселе жастарды мазалайды деген жеке пікірім...»

**Мемлекеттік жастар саясатында қандай шетелдік тәжірибелер пайдаланылады немесе жоспарлануда:** «... Біздің мақсатымыз дамыған 30 елдің қатарына кіру, сондықтан Орталық азия мемлекеттерін ғана емес, ТМД , Батыс, Европа, Америка мемлекеттерін зерттейміз, әр мемлекеттің проблемалары әр түрлі, мысалы, бізде баспана мәселесі болса, америкада ондай проблема жоқ, оларда менталитет басқа, олар мобильді болуды жақсы көреді, біз Ұлыбританияның тәжірибесін алдық, ол жастар тәжірибесі, жастар оқу бітіре сала жұмысқа орналаса алмайды, сол себептен жарты жылдық жастар тәжірибесін енгіздік, ақшасы үкіметтен төленеді..., Қытаймен, Ресеймен, ТМД және т.б. мемлекеттермен екі жақты келісім жасаймыз, жастарға инвестиция халықаралық конференциялар өткізіледі, жыл сайын жастар шет елдерде білім алады, тәжірибе алмасады...»

**Жол картасына сәйкес жас отбасылары үшін тұрғын үй бағдарламасы болуы жоспарлануда, бұл бағдарламаның осы уақытқа дейінгі қолданылған жас отбасыларға арналған бағдарламалардан айырмашылығы қандай және одан қандай нәтижелер күтілуде. Бұл бағдарлама әлеуметтік жағдайы орташа жас отабсылар үшін қаншалықты қол жетімді ме деген сұраққа:** «... Жастар әр түрлі санаттарға бөлінеді, мысалға мектеп оқушылар да жастар деп есептелінеді (14-18 жасқа дейін), 533 мыңнан астам студенттер бар (18-23 жас), жұмысты, жұмыссыз жастар бар, NEET категориясындағы жастар (жұмыс істемейді, оқымайды, ештенкеге қатыспайтын жастар), баспана тек жұмыс істейтін жастарға салынады Шымкент, Алматы және Астана қаласында, ал қол жетімділігі жағынан механизмі ойластырылуда, жалпы қол жетімді болады...»

**Мемлекеттік жастар саясатына қатысты жастардың көзқарасы қандай деп ойлайсыз?** «... Әр адамның өз ойы бар, өмірге деген, жұмысқа деген, достарға деген, қоғамға деген көзқарастары бөлек, бірақ бір қуантатын әр салада өзіміздің жұлдыздарымыз бар, тек қана Қазақстанда емес дүнижүзіне танымал, Димаши Құдайберген, классикалық музыкада Мария Мудракова, ғылымда жүрген Қуат Есенов математик-физик бар америкада жүрген, Президент айтқандай қазақтың алтын баласы, рекорд гиннесстар кітабына кірді, спортта, кинода әр салада қазақтың майталмандары, батырлары бар деп айтуға болады. Кеше Елбасымыз айтты Тәуелсіздікті алып бердік, енді бір буын өсті, жас буынға аманат деп, тәуелсіздікті сақтап қалуға аманат деп айтты. Бұл деген бізге деген үлкен жауапкершілік. Бұл тек мемлекеттік қызметшілерге қатысты емес барлығымызға, мұғалімдерге, спортшыларға, жастарға, дәрігерлерге, ғалымдарға, өйткені бірлік түбі береке, ең алдымен сана сезіміз дұрыс болса, жалпы жастардың, халықтың өмірге деген көзқарасы, ниеті дұрыс болса біз алмайтын асу болмайды деп есептеймін...»

**Мемлекеттік жастар саясатына қатысты қосымша не айталасыз, немесе қоса аласыз?** «...Жастар үкіметтен, туыстардан, достардан, көршілерден көмек күтпеу керек, өздерінен бастау керек, мысалға тілді үйренем десен, ешқандай ақша керек емес, ғаламтор арқылы үйрене аласың, ешқандай шектеу жоқ спортпен шұғылдана десен, құдайға шүкір кең байтақ жеріміз бар жүгірем десен жүгір, секірем десен секір, білім алам десен жұмыссыз жастарға білім тегін, гранттар саны артылып жатыр, әскерге барам десе есік ашық, қоғамдық жұмысқа барам десе 500 ден астам үкіметтік емес ұйымдар бар тек қана жастар саясатымен айналысатын, Қазақстанның барлық аймақтарында бра, әр аймақтарда жастар мәселесімен айналысатын орталықтар бар, 210 ресурстық орталықтар бар, Үкімет тарапынан жастарға арналған қандай бағдарламалар, жобалар, көмектер туралы

*ақпараттарды қарапайым жастарға түсіндіру керек, жеткізу керек, тек қана хабар мен қазақстан теле арнасы арқылы емес, ғаламтор арқылы, әлеуметтік жүйелер арқылы дұрыс пайдаланып халқымызға түсінікті тілмен жеткізсек нұр үстінен нұр болушы еді, өйткені жағдай бар, қалай бизнес ашу керек, қалай білім алу керек, осы жастар тәжірибесі туралы көп жастар білмейді мысалға, ауылды аймақтарға түсіндіру керек, себебі жастар саны 3 900 000 мыңнан астам соның 46 пайызы 1 700 000 ауыл жастары, сондықтан жастар жылы аясында бір жобаны қолға алудамыз, ол мысалға жастар кәсіпкерлігін дамыту, жыл сайын 600 млн қаражат ауыл жастарына және жұмысшы жастарға бөлінеді, жыл сайын 100 мың жастар оқытылады, 80 мыңы жеке кәсіпкер болып кетеді деген жоспарымыз бар, араны 200 грант бөлінеді әр грантқа 3 млн тенге бөлінеді, сондықтан ауыл мен қала бірге дамыса, жастарымыз дұрыс ақпарат алса, түсінікті тілмен жеткізе білсек, ешқандай бір өзекті мәселелер болмайды деген ойым бар. Сондықтан дұрыс бастамалар бар, дұрыс ұсыныстар бар, бірақ адамның өз ниетіне байланысты, шың айтқанда ниеті, ынтасы болса ешқандай шектеу жоқ, қазір біреуге сілтеу дейтін заман емес, дұрыс білім алып, жұмыс істесе, адал еңбектің арқасында елдіңде, жердіңде қоғамның қайраткері болуға шектеу жоқ, қандай салада болсын әр азамат өз тарихын, құндылықтарды білу қажет деймін...»*

А.Р. Ораловтан алынған тереңдетілген сұхбатқа сәйкес, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатында бірнеше өзекті мәселелер бар: жұмыссыздық, жоғары білім алу, тұрғын үй, ажырасу және жастардың әлеуметтік белсенділігін және салауатты өмір салтын дамыту, жастардың жастар бағдарламалары бойынша хабарсыздығын атап өтті. Еліміздің жастар үшін мемлекет тарапынан қолдаулар көрсетіліп жатқанын атап өтті. Мемлекет тәуелсіздігі жастарға аманат ретінде қалғанын және жастар жауапкершілікпен өз азаматтықтарын көрсете білу керек екенін түсіндіреді.

Мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру бойынша мүдделі тұлғалармен қарым-қатынас жасау аясында төмендегі мәселелер көтеріліп, оларды шешу бойынша ұсыныстар берілді:

➤ «Жастар» ғылыми зерттеу орталығы Ақпараттық талдау басқармасының жетекші сарапшысы Айдар Дулатұлы Хамит жастар арасында зерттеу жүргізген кезде, «Қандай жастар ұйымдарды білесіз?» деген сұраққа 40% жастар Жас отанды ғана білетіндігін, жастарға қатысты бағдарламаларды білмейтіндігін айтты. Әр облыстардағы құрылған жастар ресурстар орталығы жастармен жұмыс жасамайды, көбінесе әкімшілік тапсырмаларын орындаумен айналысады. Қала және облыс әкімдіктер, министрлік тараптарынан және жастар ресурстық орталықтары жастармен жұмыс жасауды жетілдіру керек, ақпараттық жарықтандыруды жетілдіру. Әр облыстардағы құрылған жастар ресурстық орталықтардың функционалдық міндеттерін бірыңғай қылып бекіту.

➤ Жастар және отбасы комитетінің Жастар саясатын үйлестіру басқармасының бас сарапшысы Ақылбекқызы Гуля Аблаисова бала туған жас аналар үшін үкімет бала 1 жасқа толғанға дейін жәрдемақы төлейтіндігін және бала 3 жасқа толғанға дейін бала күтімінде жұмыс істемей отыратындығын айтады. Бала бір жастан асқан кейін жәрдемақы төленуі тоқталуына орай, аналар жұмыс істеуге мәжбүр болады. Үкімет бала күтіміне кеткен аналарға 1 жастан 3 жасқа дейін жәрдемақы төлеуді Ресей елінің тәжірибесіне сүйеніп, қарастыруды ұсынады.



➤ Жастар және отбасы комитетінің Жастар саясатын үйлестіру басқармасының бас сарапшысы Елемесқызы Гульмира Түсіпбекова жастардың көбісі жұмыссыз, әсіресе ауылдық жерлерде жұмысы жоқ болуына орай «Жасыл ел» бағдарламасын барлық облыстарда қайтадан жаңғыртуды, маусымдық емес тұрақты жұмыс етіп жасауды және тек қана көгаландыру немесе абаттандыру саласында емес, басқа да салаларды (сырлау, қар тазалау және т.б.) кеңейтуді ұсынады.

Сонымен қатар, Е.Г. Түсіпбекова ата-аналар таңертеңнен кешке дейін жұмыс орнында болуына орай, балаларының немен айналысып жүргенін қадағалай алмау мәселесін атап өтті. Қадағалаусыз өз бетімен жүреді, ішімдік ішеді, шылым шегеді, қылмыстық құқық бұзушылық жасайды немесе басқа да теріс істермен айналысады. Сол себептен, мектеп жанындағы интернаттарды, спорттық және мәдени демалыс орындарын құру, тәулік бойы жұмыс істейтін кітапханаларды ашу (қазақ тіліндегі деректерді көбейту), үйірмелер мен секцияларды тегін түрде жасауды ұсынады.

Үшінші блок. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Өңірлерде жастармен мотивациялық жұмыс жүргізу үшін менторлардың 4 тобының шығуын ұйымдастыру» атты әлеуметтік жоба аясындағы тапсырысын ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы орындау мақсатында академия профессорлары Р.Т. Дуламбаева, С.А. Джумабаев және біз магистранттар мен докторанттар Қазақстан бойынша 14-29 жастар арасында жастардың өзекті мәселерін анықтау үшін электрондық сауалнама жүргізілген.

Сауалнама жауаптары Excel түрінде алынды. Жауаптар үлкен ауқымды болғандықтан VI power Desktop бағдарламасына салынды. Бағдарлама арқылы алынған ақпаратқа тоқтала кетейік.

Сауалнама 2019 жылдың қазан-қараша айларында екі тілде және екі категория бойынша жүргізілді, яғни 14-17 және 18-29 жас аралығында. Сауалнамаға жалпы 10062 жас қатысты, оның ішінде 14-17 жас аралығында – 3384, 18-29 жас аралығында – 6678 жас. Жынысы бойынша: әйел адамдар – 4788, ер адамдар – 2795, анықталмаған - 2479. Сауалнама 18 сұрақтан тұрды. Деректер (Б қосымшасында) көрсетілген.


1-сұрақ. Білім деңгейі. Негізгі сынып бітіргендер – 228 (2,2%), орта сынып бітіргендер – 1450 (14,4%), ЖОО, колледж студенттері – 4803 (47,7%), бакалавр, магистратура бітіргендер – 3212 (31,9%), докторлық деңгей – 44 (0,4%) құрады. Сауалнамаға қатысқан 80% жастардың жоғары білімі бар.

2-сұрақ. Сіз көбіне қандай көңіл-күйде боласыз? Сауалнамаға қатысқан жастардың 5633 немесе 55,9% «жақсы» көңіл күйде, «тамаша» - 2644 немесе 26,2% және «нашар» - 186 немесе 1,8%, «депрессивті» - 572 немесе 5,6% құрады. Жастардың 82,1% жақсы және тамаша көңіл-күйде, 758 жас немесе 7,7% нашар немесе депрессивті көңілде жүреді. Олардың көпшілігі 161 республикалық маңызы бар қалаларда, 68 – облыс орталықтарында, 31 – ауылдық жерлерде, 26 – аудан орталықтарында тұрады. Ауылмен салыстырғанда, қалада тұратын жастардың көңіл-күйі нашар.

3-сұрақ. Сіз бос уақытыңызды қалай өткізесіз? деген сұраққа жастар келесідей жауап берді: «Кітап оқимын» - 4692 немесе 46,6%, «Отбасына арнаймын» - 1541 немесе 15,3%, «Әлеуметтік желілерде отырамын» - 1229 немесе 12,2%, «Сүйікті хоббиімен айналысамын» - 1603 немесе 15,9%, «Достарыммен өткіземін» - 572 немесе 5,6%, «Ұйықтаймын, үй тапсырмасын жасаймын, спортпен шұғылданамын, үй шаруасы, бос уақытым жоқ» - 425 немесе 4,2%. Жастардың 70% бос уақыттарын тиімді өткізеді, ал 30% әлеуметтік желілерде отырады, достарымен кездеседі.

4-сұрақ. Мамандықты таңдау кезінде сіз үшін не маңызды? жұмыс 2135 немесе 21,2%, жалақы көлемі 1815 немесе 18%, өзін-өзі дамыту 1682 немесе 16,7%, білім алу 1648 немесе 16,3%, қоғамға көмек 1122 немесе 11,1%, тұрғын үй 508 немесе 5%, басқа елге қоныс аудару 139 немесе 1,3%, отбасы құру 106 немесе 1%, ата-анасы 2 немесе 0,01%. Жастар мамандық таңдағанда негізінен жұмыс орнына көп көңіл бөледі (21,2%), жалақы мөлшеріне (18%) және өзін-өзі дамыту (16,7%). Демек, жастар өздеріне қажетті талаптарға сәйкес мамандықты таңдайды.

5-сұрақ. Сіз жиі аурасыз ба? «Жылына бір-екі рет ауырамын» деген жауапты 7051 (70%) респондент таңдады, «Жиі созылмалы ауруым бар» жауабын 1362 (13,5%) жас белгіледі. «Ауырмаймын» жауабын 1289 (12,8%) респондент белгіледі, олардың 49 – әйел, 18 – ер балалар. Ауырмайтын жастар саны аз, алайда жиі ауыратын әрі созылмалы ауруы бар жастардың саны сирек ауыратын жастар санынан төмен екенін көре аламыз. Деректер 11 суретте көрсетілген.



Сур. 11 – Жастардың ауратыны туралы

6-сұрақ: «Сіз қоғамдық өмірге қатысасыз ба?» Иә, белсенді – 3087 немесе 30,6%, иә, сирек – 3953 немесе 39,2%, жоқ, қатыспаймын – 2790 немесе 27,7%. Жалпы жастар белсенді түрде де сирек түрде де қоғамдық өмірге қатысады.

7-сұрақ. Мамандық таңдағанда кім кеңес береді? (сауалнама 14-17 жас аралығындағы жастар (3384) арасында жүргізілді) Ұстаздар кеңес бергендер – 1168 немесе 34,5%, ешкім кеңес бермеді – 1045 немесе 30,8%, ЖОО, колледж

өкілдері кеңес бергендер – 706 немесе 20,8%, жастар ұйымы кеңес бергендер – 253 немесе 7,4%, жергілікті атқарушы органдар өкілдері кеңес бергендер – 109 немесе 3,2%, ата-анасы – 16 немесе 0,4%. Жастар шешім қабылдауда негізінен мұғалімдердің, ЖОО/колледж өкілдерінің кеңесіне көңіл бөледі. Сонымен қатар, басқа да ересек адамдардан кеңес алады. Ешкімнен кеңес алмай өз бетімен шешім қабылдайтын жастар үлесі 30,8% құрайды. Бұл көрсеткіш жастардың өз бетімен шешім қабылдауға мүмкіндігі бар екенін білдіреді.

8-сұрақ. Сіз үшін ең маңызды мақсат қандай? Мансаптық өсу – 2499 немесе 24,8% респондент, жұмысқа орналасу – 2189 немесе 21,7 % респондент, тұрғын үй сатып алу – 1684 немесе 16,7% респондент, отбасын құру және балаларды тәрбиелеу – 1530 немесе 15,2%, одан әрі білім алу – 1485 немесе 14,7% респондент, бизнес ашу – 9 немесе 0,08%, ата-анасының үмітін ақтау – 2 немесе 0,01%. Жастар үшін ең маңызды мақсат мансаптық өсу, себебі мансаптық өсу арқылы еңбекақы жоғары болады, сол арқылы әлеуметтік және қаржылық қажеттіліктерін қамтамасыз ете алады.

9-сұрақ: «Жұмыспен қамту сипаты?» (бұл сұраққа 9557 қатысты, себебі 14-17 жас аралығындағы қазақша тілдегі сауалнамада бұл сұрақ қойылмады) Жұмыс істеймін, толық емес жұмыс күні – 4251 немесе 44,4%, оқимын – 3323 немесе 34,7%, жұмыс істемеймін – 3233 немесе 33,8%, жұмыс істеймін, толық жұмыс күні – 959 немесе 10%, бейресми жастар – 442 немесе 4,6%, жеке шаруашылықпен айналысатын жастар – 276 немесе 2,8%, бизнеспен айналысатын жастар – 177 немесе 1,8, үй шаруашылығы – 96 немесе 1%, бала күтімінде және басқа – 14 немесе 0,1%. Жастардың көпшілігі толық емес жұмыс жасайды, себебі олар оқумен қатар жұмыс жасайды. Жұмыс жасайтын жастардың да саны жоғары, себебі бұл жерде мектеп оқушылары және колледж/ЖОО студенттері бар. Оқитын жастардың (3323) ішінде 18-29 жас аралығындағы жастар (1913) 14-17 жас аралығындағы жастарға (1410) қарағанда көп. Сонымен қатар, жұмыссыз жастар үлесі де көп (3233 немесе 33,8%), себебі еңбек нарығында жұмыс орны жеткіліксіз.


10-сұрақ: «Өзіңіздің материалдық жағдайыңызды қалай бағалайсыз?» (бұл сұраққа 6678 жас қатысты, себебі сауалнама 18-29 жас аралығындағы жүргізілді): «Орташа» - 2366 немесе 35,4%, «Жақсы» - 2294 немесе 34,3%, «Өте жақсы» – 980 немесе 14,6%, «Ең негізгі қажеттіліктерге жетеді» - 602 немесе 9%, «Жетіспейді» - 231 немесе 3,4%, «Жауап бермегендер» – 205 немесе 3%.

Жастардың 84,3%-ның материалдық жағдайлары жалпы жақсы, себебі олар жұмыс істейтін жастар. Ал қалған 3,4% жастардың жұмыссыз болуына орай материалдық жағдайлары төмен екендігін көре аламыз.

11-сұрақ: «Сіздің ойыңызша мемлекет діни сенімге байланысты шешім қабылдау қажет пе?» (бұл сұраққа 6678 жас қатысты, себебі сауалнама 18-29 жас аралығындағы жүргізілді): «Иә» - 2161 немесе 32,3%, «Жоқ» - 1678 немесе 25,1%, «Білмеймін немесе жауап беруге қиналамын» - 2467 немесе 36,9%.

Жастардың дін мәселесіне көзқарасын анықтауға мүмкіндік бар. Жастардың көп бөлігі 2161 немесе 32,3% діни сенім мәселесіне алаңдайды. Сонымен қатар, бұл сұрақты білмейтін жастар да жеткілікті.

12-сұрақ: «Сіздің өңірдегі жастар ұйымдарының қызметі туралы хабардарсыз ба?» (бұл сұраққа 9557 жас қатысты, себебі сауалнама 14-17 жас аралығындағы қазақша сауалнамада жүргізілмеді): «Иә, әлеуметтік желілерден, жергілікті атқарушы органдардан» - 3910 немесе 41%, «Жоқ, білмеймін» - 2803 немесе 29,4%, «Қызық емес» – 1658 немесе 17,3%, «Жастар ұйымдарына белсенді қатысамын» – 1186 немесе 12,4%. Жастардың 3910 немесе 46,9% бөлігі хабардар, себебі қазіргі таңда барлық ақпаратты әлеуметтік желілер арқылы таратылады. Алайда, әлеуметтік желі арқылы таратылатын ақпарат жеткіліксіз, толық аудиторияны қамтымайды. Себебі жастар ұйымдары өздерінің арнайы ресми сайттарында мәліметтерді орналастырумен ғана шектеледі. Деректер 12 суретте көрсетілген.



Сур. 12 – Жастардың өңірдегі жастар ұйымдарын білуі туралы

13-сұрақ: «Сіздің өңіріңіздегі жастар саясатының іске асырылуы Сізді қанағаттандыра ма?» (бұл сұраққа 6678 жас қатысты, себебі сауалнама 18-29 жас аралығындағы сауалнамада жүргізілді): «Қанағаттанарлық» – 3802 немесе 56,9%, «Нашар» – 2298 немесе 34,4%, «Өте нашар» – 578 немесе 8,6%.

Республикалық маңызы бар қалаларда және облыс орталықтарында жастарға мүмкіндіктер көп болғандықтан, қанағаттанған жастар саны жоғары. Ал қанағатсыз болып тұрған жастар 43% ауылдық және аудан аймақтарында.

14-сұрақ: «Сіздің табысыңыздың басты көздерін көрсетіңіз?» (бұл сұраққа 6678 жас қатысты, себебі сауалнама 18-29 жас аралығындағы сауалнамада жүргізілді): «Ата-ананың қамтамасыз етуімен» – 2676 немесе 40%, «Жалақы» – 1974 немесе 29,5%, «Стипендия» – 1296 немесе 19,4%, «Бизнестен түсетін табыс» – 264 немесе 4%, «Әлеуметтік қамтамасыз ету» – 94 немесе 1,4%, «Табыс көзі жоқ» – 74 немесе 1,1% респондент, сұраққа жауап бермегендер – 300 немесе

4,4%. Жастардың көпшілігі ата-анасының қамтамасыз етуімен өмір сүреді, себебі олар стипендия алмайтын студент жастар және жұмыссыз жастар. Сонымен қатар, үкіметтен бөлінетін стипендия арқылы өмір сүретін жастар да баршылық. Сұраққа жауап бермеген жастар негізінен жұмыссыздар, себебі олардың ешқандай табыс көзі жоқ.

Сонымен қатар, жынысына қарай талдасақ, қыз балалар ата-анасының көмегі және стипендияға өмір сүрсе, ер балалар жалақы және бизнестен түскен кіріс және әлеуметтік қамтамасыз ету арқылы өмір сүреді.

15-сұрақ: «Төмендегі аталғандардың қайсысы алдағы 5 жылда Сіз үшін мақсат болып табылады?» (бұл сұраққа 6678 жас қатысты, себебі сауалнама 18-29 жас аралығындағы сауалнамада жүргізілді): тұрғын үй – 2877 немесе 43%, оқу – 1720 немесе 25,8%, жұмыс – 1456 немесе 21,9%, отбасын құру – 562 немесе 8,4%, бизнес ашу - 51 немесе 0,7%, жоспар жоқ - 12 немесе 0,1%.

Жастардың көбісі кәмелет жасқа келгеннен бастап, отбасы құруды жоспарлағанда үйлі болуды мақсат етеді. Сонымен қатар, білімін одан әрі жетілдіруді 25,8% жастар қауымы қалайды.

16-сұрақ: «Тұрғылықты жеріңізден қоныс аудару жоспарыңызда бар ма? Көшу себептерін көрсетіңіз?»: Жоқ, жоспарламаймын – 5472 немесе 54,3%, иә, оқу бойынша – 1584 немесе 15,8%, иә, жаңа жұмыс іздеймін - 984 немесе 9,8%, иә, жұмыс ұсынысы болса – 906 немесе 9%, иә, отбасы жағдайы бойынша – 412 немесе 4%, иә, инфрақұрлымның болмауы – 195 немесе 2%, иә, жұмыстың болмауынан – 91 немесе 1%, иә, өңірде жастарға аз қолдау көрсетіледі – 149 немесе 1,4%, жауап бермегендер – 269 немесе 2,6%. Жастар 4321 немесе 43% әртүрлі себептерге байланысты тұрғылықты жерлерінен көшуді жоспарлайды. Ол негізінен ауылдан, ауданнан, облыстан жастар республикалық маңызы бар қалаларға көшкісі келеді. Сонымен қатар, жақсы көрсеткіш ретінде 54,3% жастары қалада тұрғандықтан көшуді жоспарламайды.

17-сұрақ: «Сіздің өзекті мәселелеріңізді алдағы 5 жылда мемлекеттің қолдаусыз орындауға мүмкіндік бар ма?» (бұл сұраққа 6678 жас қатысты, себебі сауалнама 18-29 жас аралығындағы сауалнамада жүргізілді): «Иә, мүмкіндігім бар» - 3864 немесе 57,9%, «Жоқ, мүмкіндігім жоқ» - 1207 немесе 18%, «Жауап беруге қиналамын» - 1607 немесе 24%.

Жастардың 57,9% тек өз күштеріне сенетіндіктерін көрсетті. Жастардың 24% қиын жағдайда болғандықтан мемлекетке сүйенетіндігін анықталды.

18-сұрақ. Сіз қандай мамандықты тандадыңыз (2879 жас қатысты, себебі сауалнама 14-17 жас аралығында орыс тілінде жүргізілді): иә, техникалық – 1132 или 39,3%, иә, гуманитарлық – 324 или 11,2%, иә, педагогикалық – 992 или 34,4%, иә, медициналық – 124 или 4,3%.

39,3% жастар құрамы мемлекетпен бағытталған саясатқа байланысты техникалық мамандықты тандағаны анықталды. Сонымен қатар, жастар педагогикалық мамандықты 34,4% тандағанын байқаймыз. Мамандықтардың тандаудың бір себебі ретінде гранттардың көп бөлінуіне байланысты деп санаймыз [51].

Талдауымызды қорытындылай келе, еліміздің жастары арасындағы келесідей жағымды және жағымсыз факторларды айқындадық.

**Жағымды факторлар:**

1. Жоғары білімді жастар саны – 80%;
2. Жастардың 82,1% жақсы көңіл-күйде болады;
3. Жастардың 87,8% бос уақыттарын тиімді өткізеді;
4. Қоғамдық өмірге қатысатын жастар үлесі – 69,8%;
7. Жастардың 84,3%-ның материалдық жағдайлары жақсы;
8. Жастардың біраз бөлігі 2161 немесе 32,3% діни сенім мәселесіне алаңдайды;
9. Өңірлердегі жастар саясатының іске асырылуымен қанағаттанатын жастар - 3802 немесе 56,9%;
10. 54,3% жастар көшуді жоспарламайды;
11. Жастардың 57,9% алдағы 5 жылда өзекті мәселелерді мемлекеттің қолдауынсыз орындай алатынына сенімді.

**Жағымсыз факторлар:**

1. 87,2% жастарда ауыратын аурулары бар;
  2. Ешкімнен кеңес алмай өз бетімен шешім қабылдайтын жастар үлесі 30,8% құрайды;
  3. Жұмыс істемеймін жастар – 3233 немесе 33,8%;
  4. Өңірлердегі жастар саясатының іске асырылуымен қанағаттанбайтын жастар үлесі 43%;
  5. Жастардың 40% ата-анасының қамтамасыз етуімен өмір сүреді;
  6. 4321 жастар немесе 43% әртүрлі себептерге байланысты тұрғылықты жерлерінен көшуді жоспарлайды;
  7. Жастар ұйымның қызметі жөнінде 49% хабарсыз екендігін көрсеткен.
- Жастарды сипатына қарай үш топқа бөлуге болады:

14-17 жас – 1 181 750 адам. Бұл орта мектеп оқушылармен кәсіптік оқу орындарда оқып жүрген, ата-анасының немесе мемлекет асырауында жүрген топтар. Кәсіби бағдар, білімге, сапалы және әр түрлі бос уақытқа қызығушылық танытады.

18-22 жас – 1 161 976 адам. Өзін-өзі анықтау жасы – өзіндік кәсіби қызметтің басталуы немесе жаңа кәсіптік оқуды таңдау және жүзеге асыру. Бұл жаста әлеуметтену процесі басталады. Азаматтық құқықтықтардың барлық толықтығына ие болады. Қолжетімді сапалы жоғарғы білімге, мәдени-идеологиялық өзін-өзі дамытуға, жұмыс істеуге, жеке ісін ашуға қызығушылық танытады.

23-29 жас – 1 486 800 адам. Бұл жаста өндірістік және отбасылық өмірдің жеке тәжірибесі, сондай-ақ, жастардың саяси қатынастарға қатысу негізінде жетілген тұлғаны қалыптастыру процесі. Жоғарғы білім алуға, жұмысқа, отбасыға, тұрғын үйге, бос уақытқа, өзін-өзі дамытуға және спортқа қызығушылық танытады.

Жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына талдау жасау қорытындысына орай, мемлекет тарапынан жастарға жан-жақты қолдаулар

жүргізілуіне қарамастан, жас ұрпақтарымызда бірқатар өзекті проблемалардың бар екендігін анықтауға болады:

1. Сапалы кәсіптік білім алу;
2. Жұмыспен қамту мәселесі, жұмыссыздық;
3. Материалдық қиындықтар (төмен жалақы, стипендиялар);
4. Отбасы және неке проблемалары;
5. Тұрғын үй проблемасы;
6. Жастар арасындағы діни мәселесі;
7. Жасөпірімдік суицид;
8. Жастардың бос уақыты;
9. Жастардың мемлекеттік бағдарламалар бойынша ақпаратсыздығы;
10. Жастардың және кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы және тағы басқалар.

Жастардың қажеттіліктерін ескере отырып, қолданыстағы бағдарламалар мен жобаларды жетілдіру және жастар саясатын іске асыру үшін нақты механизмдер мен жастарды қолдауда жаңа тәсілдер енгізу қажет. Көрсетілген мәселерді шешу бойынша, мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру бойынша келесі бөлімде көрсетіледі.

### **2.3 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру бойынша ұсыныстар**

Бүгінгі таңда Қазақстанның жастар саясатында қажетті ұйымдастыру-функционалдық институттар құрылды, тиісті заңнамалық актілер қабылданды және осы саладағы өз даму жолында белгілі бір тәжірибе жинақталды. Мемлекеттік жастар саясатының қалыптасу кезеңі жүйелендірумен және интеграциялаумен, үздік әлемдік практикалармен, сондай-ақ қазақстандық жастарды шоғырландыру үшін жеке қолайлы тетіктерді әзірлеумен сипатталады.

Жастарға қатысты сектораралық тиімді өзара іс-қимыл жасау мақсатында орталық және жергілікті билік органдары мен азаматтық қоғам институттарының күш-жігерін біріктіру қажет.

Сондықтан, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын іске асыруын жетілдіру бойынша келесі ұсыныстар 3 блок арқылы беріледі:

**Біріншіден**, институционалдық дамуды жетілдіру, атап айтқанда өңірлердегі жастар ресурстық орталықтардың қызметін мемлекеттік басқару жүйесіндегі жобалық басқарудың бірыңғай жүйесіне енгізу.

**Екіншіден**, қолданыстағы маңызды бағдарламаларды және жобаларды қайта жетілдіру барысында автоматтандыру.

**Үшіншіден**, жастарды қолдаудағы бағдарламалар бойынша ақпараттық платформаны және мобильді қосымшаны құру.

1. 2012 жылы Елбасының «Жас Отан» жастар қанатының II съезінде берген тапсырмасына орай 2013 жылдан бастап 2014 жыл аралығында Жастар ресурстық орталықтары (бұдан әрі – ЖРО) жастарды және жастар ұйымдарын қолдау мақсатында жастарға ақпараттық, консультативтік көмек беретін және

жастар арасындағы ахуалдарға талдау жасайтын заңды тұлға болып, әр облыс деңгейде 17 және аудандар деңгейде 208 құрылған орталық [52].

Орталықтардың қызметін жергілікті атқарушы органдар, облыстық және қала әкімдіктері үйлестіреді.

ЖРО негізгі функциялары:

- Жастарды жұмсқа орналастыру, түрлі курстар өткізу және кәсіптік бағдар беру;
- Семинар және тренингтер өткізу арқылы жастардың дағдыларын арттыру;
- Жастардың технологиялық сауаттылықтарын арттыру;
- Жастарға семинар және тренингтер өткізу арқылы психикалық көмек көрсету;
- Жастардың құқықтық сауаттылыққа оқыту және заң көмегін көрсету;
- Жастарға мемлекет бағдарламалары бойынша ақпарат беру;
- Жастардың кәсіпкерлік қызметіне, жас отбасыларына көмек беру және тағы басқалар [53].

Демек, жастардың барлық мәселесін шешетін және оларға қолдау көрсететін ең түпкі, жастарға тікелей жақын заңды тұлға. Бірақ, жоғарыда көрсетілген зерттеулерге сәйкес, аталған ЖРО қызметін немесе олардың бар немесе жоқтығын жастар білмейді. Егер, ЖРО функционалдық міндеттеріне сәйкес жастарға тренингтер немесе семинарлар өткізсе, тікелей әр ауылдың жастарымен тығыз жұмыс жасаса, жастарды жұмыспен қамтуға немесе кәсіптік білім алуға көмек беретін болса, жастармен психикалық жұмыс жасайтын болса, неге онда зерттеулер жастардың құқықбұзушылыққа, суицидке баратындығыны немесе жастар бағдарламалардың білмейтіндігін көрсетеді.

Бұған дәлел, «Жастар» ғылыми зерттеу орталығы Ақпараттық талдау басқармасының жетекші сарапшысы Айдар Дулатұлы Хамит сауалнама барысында әр облыстардағы құрылған 208 жастар ресурстық орталықтары жергілікті атқарушы органдарға бағынысты және көбінесе жастардың жұмысымен емес әкімдіктердің тапсырмаларын орындау проблемалары бар екендігін жеткізді.

Қазбек Б.Е. жастар ЖРО негізгі қызметін түсінбейді, себебі ЖРО қызметінің міндеттері мен бағыттары бірыңғай қалыптаспағанын, олардың жұмысының бірыңғай алгоритмі әзірленбегенін, жұмыс тұжырымдамасы айқындалмағанын, сондай-ақ барлық ЖРО қызметінің бірыңғай бағыты жоқ екендігін түсіндіреді.

Сонымен қоса, Қазбек Б.Е. қоғамдық маңызы бар іс-шараларды өткізу үшін ЖРО қызметін қаржыландыру нашар жүзеге асырылатындығын, ЖРО қызметкерлерінің кәсіби құзреттіліктерінің деңгейі төмендігіне орай зерттеу әлеуеттерінің әлсіздігін, жалақылардың төмен болуына орай кадрлардың тұрақсыздығын көрсетеді [7, 173-177 б.].

Сондықтан, ЖРО жастармен тікелей жұмыс жасайтын орган ретінде әр аудандағы жастар ресурстық орталықтардың қызметін мемлекеттік басқару жүйесіндегі жобалық басқарудың бірыңғай жүйесіне, яғни мемлекеттік



жоспарлау жүйесінің ақпараттық платформасына енгізуді ұсынамын.

Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Мемлекеттік басқарудағы жобалық менеджментті дамыту орталығының басшысы А.Қ. Евниевтің бастамасымен мемлекеттік органдардың жобалық қызметін мемлекеттік жоспарлау жүйесінің ақпараттық платформасында ұйымдастыру бойынша қарқынды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мемлекеттік органдардың қызметіне жаңа ұйымдастыру мәдениетін және мемлекеттік басқарудың сервистік моделін енгізу болып табылады. Бұл реформаның мақсаты – барлық өңірлердегі, салалардағы бағдарламалар мен жобалардың стратегиялық мақсаттарының іске асырылуына қол жеткізу.

Бұған себеп, Елбасының «Қазақстан - 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдауының 7 тармағына сәйкес «Әрбір министрліктің, ведомствоның әкімшіліктің жұмысы, сайып келгенде аймақтық дамудың өзі мақсаты айқын, міндеттері нақты жалпы мемлекеттік стратегияға бағындырылуға тиіс. Мұның тың көзқарас пен жаңа әдістемені талап етері даусыз. Стратегиялық жоспарлау, қаржылық бағдарламалау мен жобалық менеджмент таяу болашақтағы мемлекеттік басқарудағы жаңарудың өзегіне айналуға тиіс» деп тапсырма берілген болатын [54].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» № 636 Жарлығының 7.8 «Жобалық басқаруды тарату» бастамасына сәйкес, жобалармен бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру үшін мемлекеттік органдарды жобалық тәсілдері қолданылатындығы айтылған [55].

Сондай-ақ, 2020 жылғы 15 қаңтардағы Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаевтың Президенттік жастар кадр резервіне өткен азаматтармен кездесуде сөйлеген сөзінде Норвегия, Жаңа Зеландия, АҚШ мемлекеттік аппарат қызметін Agile принциптеріне енгізу перспективаларын белсенді зерттеуде. Көптеген елдерде, мысалы, Ұлыбритания Үкіметі жобалау кеңселерін құру арқылы Project Management бағдарламасына көшуде, сондықтан олардың тиімділігін мұқият зерттеу керек екендігін және сол тәжірибені пайдаланатынымызды, мемлекеттік басқарудың жаңа моделі қажет екендігін атап өтті [56].

Сол себептен, қазіргі таңда мемлекеттік органдардың жобалық қызметіне реформа жүргізіліп жатқан аясында, 17 облыстық және 208 өңірлік ЖРО жобалық қызметін мемлекеттік органдардың жобалық қызметін мемлекеттік жоспарлау жүйесінің ақпараттық платформасына (easyproject) енгізуді ұсынамын. Ол үшін аталған ұсынысты іске асыру үшін Академия, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және қала мен облыс әкімдіктері қатысулары керек.

Жобалық басқаруға көшу арқылы, біз барлық облыстар мен өңірлердегі ЖРО қызметінің бағыттарын бірыңғайлы етіп, олардың функционалдық

бағыттарының нақты және ашық түрде іске асырылуына, ауылдағы әр жастармен тиімді жұмыс істеуіне, олардың әр қайсысының әлеуметтік картасына қол жеткізе аламыз.

2. Қолданыстағы бар бағдарламалар мен жобаларды жетілдіру. Жобаларды жетілдіруді, мемлекеттік органдардың жобалық қызметін жобалық басқаруға көшіру кезінде бірден қолданыстағы бағдарламаларды жетілдіру арқылы автоматтандыру қажет. Төменде бірқатар бағдарламаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар көрсетілген.

- Жастар жылы аясында Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жұмысшы жастарға және жас отбасыларына жыл сайын 3 жылға дейін 1000 жалдамалы тұрғын пәтерді беру қарастырылған. Осы бағыт бойынша Қазақстанның барлық өңірлерінде жалдамалы тұрғын үйді беруді қарастыру ұсынылады. «Нұрлы жер» 2020-2025 бағдарламасына өзгеріс енгізу қажет: 5.1.1. тармағы 3) тармақшасындағы «мемлекеттік жастар саясаты саласындағы уәкілетті орган бекітетін жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйді Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында беру» жазбасын «мемлекеттік жастар саясаты саласындағы уәкілетті орган бекітетін жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйді [12] Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында және облыстарда беру» деп өзгерту.

- «Жасыл ел» бағдарламасы – Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Жолдауының 3 - тармағы 3.5 - тармақшасына сәйкес ХХІ ғасыр деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлау аясында қабылданған жоба. Аталған жоба студенттерді каникул кезінде көгаландыру, абаттандыру, ағаш отырғызу және тағы басқа бағыттармен жұмыспен қамтиды [42].

Аталған бағдарлама бойынша студенттер ғана жұмыс істей алады. Ал, бізде ауылды жерде көп жастар жоғарғы оқу орындарда білім алу мүмкіндіктері жоқ. Сол себептен, көп балалы және аз қамтылған отбасыларынан шыққан жастарды жасыл ел бағдарламасы арқылы жұмыспен қамтыуды ұсынамыз.

Сондай-ақ, аталған жобаны барлық облыстарда қайтадан жаңғырту, маусымдық емес, тұрақты жұмыс етіп жасау. Тек қана көгаландыру немесе абаттандыру емес, басқа да мамандықтарды сырлау, қар тазалау және құрылыс жұмыстарын қарастыру.

- «Дипломмен-ауылға!» жобасының мақсаты – жұмыссыз жас мамандарды ауылды жерлерде жұмысқа орналастырып, ауылдың әл-ауқатын көтеру болып табылады.

Бағдарламаға денсаулық сақтау, білім беру, агроөнеркәсіптік кешен, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандықтары бойынша жастар қатыса алады.

«Дипломмен ауылға!» жобасы өте тиімді жоба екенін дәлелдеп келе жатыр, бірақ осы жобаға өзгерістер енгізу қажет. Мысалға, жоба бойынша мамандықтар тізбесін кеңейту және жобамен ауылдарға жұмыс істеуге баратын жастарға тұратын тұрғын үй мәселесін немесе жалдамалы тұрғын үйлер салу мүмкіндігін

қарастыру.

-Нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы аясында «Жас кәсіпкер» бағдарламасының мақсаты – 18-29 жас аралығындағы кез келген жұмыссыз жастарға кәсіппен айналысуға мүмкіндік беру. 15 күндік кәсіпкерлік негіздеріне оқытып, 19 273 теңге көлемінде стипендия төленеді. Кейін бизнес жобасы құрылып, жеке кәсіптері ашылады. Жеке кәсібін ашуға 505 000 (200 айлық есептік көрсеткіш) теңге қайтарымсыз несие және 6% жеңілдікпен 6,5 жылға 8000 АЕК көлемінде несие беріледі [11].

Аталған жобаның проблемасы: үміткер қайтарымсыз грантты 505 000 теңгені алғаннан кейін жобасын әрі қарай іске асыра алмайды. Бұған бірінші себеп, бөлінетін гранттың аздығы, екінші себеп, қайтарымсыз грант, есеп берудің қажеті жоқ, үшіншіден, үміткерлер өз қажеттіліктерін шешу мақсатында қайтарымсыз грантты иемденуі. Мәселені шешу үшін жобаны автоматтандыру, грант көлемін ұлғайту қажет. Кандидаттарды іріктеу кезінде қолжетімділікті кеңейту және ашықтықты қамтамасыз ету үшін жастардың мемлекеттік жобалары мен бағдарламаларына қатысу үшін электрондық өтінім беру жүйесін енгізу қажет. Келешекте қолданыстағы барлық бағдарламалар мен жобаларды одан әрі жетілдіру үшін жыл сайын мониторинг жасау қажеттілігі туындап отыр. Деректер 3 кестеде көрсетілген.

Кесте 3. Қолданыстағы бағдарламаларды жетілдіру бойынша кестесі

Бағдарламалар	Ұсыныс	Іске асыру бойынша іс-шаралар	Жауапты органдар
«Жасыл ел»	Мамандықтар тізбесін кеңейту және бағдарламаны жыл сайынғы етіп жасау	Жасыл ел бағдарламасына өзгеріс енгізу арқылы сырлау, қар тазалау мамандықтарын ержеге енгізу	ҚР АШМ, ҚР ҰЭМ Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар

Кесте 3 жалғасы

Бағдарламалар	Ұсыныс	Іске асыру бойынша іс-шаралар	Жауапты органдар
«Нұрлы жер»	Жұмысшы жастарға жалдамалы тұрғын үйді барлық	«Нұрлы жер» 2020-2025 бағдарламасына өзгеріс енгізу: 5.1.1. тармағы 3)	ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық министрлігі ҚР Қаржы

	өңірлерде беру	тармақшасындағы «мемлекеттік жастар саясаты саласындағы уәкілетті орган бекітетін жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйді Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында беру» жазбасын «мемлекеттік жастар саясаты саласындағы уәкілетті орган бекітетін жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйді Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында және облыстарда беру» деп өзгерту.	министрлігі ҚР Ұлттық экономика министрлігі Қала және облыс әкімдіктері
--	----------------	---	---

Кесте 3 жалғасы

<b>Бағдарламалар</b>	<b>Ұсыныс</b>	<b>Іске асыру бойынша іс-шаралар</b>	<b>Жауапты органдар</b>
«Дипломмен ауылға!»	Мамандықтар тізбесін кеңейту, тұрғын үй мәселесін шешу	Бағдарлама ережесіне өзгеріс енгізу арқылы программист, бухгалтер және	ҚР ҰЭМ, Қаржымині, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық министрлігі

		тағы басқа мамандықтарды енгізу; Нұрлы жер бағдарламасына өзгеріс енгізу арқылы жалдамалы тұрғын үйді барлық өңірлерде салу	Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар
«Жас кәсіпкер»	Грант көлемін ұлғайту, өтінім беру жүйесін автоматтандыру	Жас кәсіпкер бағдарламасына өзгеріс енгізу арқылы 200 аек тен 400 аек дейін грант сомасын ұлғайту, бағдарламаны автоматтандыру үшін эцп арқылы egov порталы арқылы өтінім беру қызметін құру	ҚР Еңбек министрі «Атамекен» ҰКП, ҚР АҚДМ Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар
Ескерту – Автормен құралған			

3. Жастарды қолдаудағы бағдарламалар бойынша ақпараттық платформаны және мобильді қосымшаны құру.

Қазақстан жастары арасында академиямен бірге сауалнама өткізу барысында 46,9% жастар еліміздегі жастар саясаты қызметі жөнінде хабарсыз екендіктерін көрсетті.

Сонымен қатар, «Жастар» ғылыми зерттеу орталығы Ақпараттық талдау басқармасының жетекші сарапшысы Айдар Дулатұлы Хамит жастар арасында зерттеу жасаған кезде, «Қандай жастар ұйымдарды білесіз?» деген сұраққа 40% жастар «Жас отанды» ғана білетіндігін, жастарға қатысты бағдарламаларды білмейтіндігін сауалнама барысында айтқан болатын.

Ауылды жерлерде интернет жоқ болуына орай ауыл жастары мемлекеттік бағдарламаларға хабарсыз қала жастарына қарағанда.

Сол себептен, іске асырылатын жастар бағдарламалардың ақпараттық ілгерілетуін күшейту, ақпараттық жарықтандыруды жетілдіру және танылу деңгейін арттыру үшін іс-шаралар жоспары 4 кестеде көрсетілген:

Кесте 4. Бағдарламаларды жарықтандыру бойынша міндеттер

№	Іс-шаралар	Жауапты
1	Ауылды жерлердегі әлеуметтік объектілерді «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында мектептерді, ауруханаларды, мемлекеттік органдарды интернетпен қамтамасыз ету	ҚР Ақпарат министрлігі Облыс және қала әкімдіктері
2	Facebook, Instagram, Telegram, Whatsapp, Instagram немесе Youtube сияқты әлеуметтік желілерде SMM және жобаларды белсенді сүйемелдеуді қолдану: «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен программист мамандықтары бойынша жастарды ауылға тарту арқылы ауылдық жерлерде әлеуметтік желілерде жобалар туралы ақпараттарды жарықтандыру	Облыс, қала және ауыл әкімдіктері
3	Жастар инфонавигаторлары – нақты жас санаты үшін бағдарлардың қолдау шаралары туралы барлық қажетті ақпарат қамтылатын қысқаша анықтамалары бар мобильді қосымшаны құру: Ресей және Азербайжан елдерінің тәжірибесіне қарап жастар платформасын құру бойынша ақпарат төменде көрсетілген	ҚР Ақпарат министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі
Ескерту – Автормен құралған		

Ресей Федерациясы мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мақсатында 2016 жылдан бастап «Ресей жастары» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – жүйе) құрды.

**Жүйенің мақсаты:** жастардың федералдық атқарушы билік органдарымен, Ресей Федерациясы субъектілерінің атқарушы билік органдарымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен және мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға қатысатын өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл және жастар бағдарламаларын іске асырудың белсенділігі туралы ақпаратты мониторинг жасау, өңдеу, жинақтау, мемлекеттік жастар саясаты саласында конкурстар мен іс-шараларды өткізу процестерін автоматтандыру.

**Жүйенің міндеттері:**


- Мемлекеттік жастар саясаты саласындағы іс-шараларды жоспарлау;
- Атқарушы билік органдарының, жастар және балалар

бірлестіктерінің қатысуымен өткізілетін форумдық науқандар мен іс-шараларға қатысушыларды бірыңғай тіркеу;

- Жастар қоғамдық ұйымдарын өзара іс-қимыл жасаудың бірыңғай тетігі арқылы қолдау;
- Жүйені пайдаланушылардың белсенділігін есепке алу;
- Кәсіби Жастар қауымдастықтарын қалыптастыру;
- Ресей Федерациясы аумағында жастар саясатын іске асыру мониторингі;
- Жүйе арқылы электрондық есептілікті дайындау және қалыптастыру.

### Жүйе 8 бөлімнен тұрады:

1. Пайдаланушы өзі туралы деректерді толтыру арқылы тіркеуден өтеді;
2. Тіркеуден өткеннен кейін, логин және пароль арқылы жүйеде авторизация жасайды;
3. «Жаңалықтар» бөлімінде жүйенің қызметі ету туралы хабарламаны көре алады;
4. «Өтінімдер» бөлімінде іс-шараларға қатысатын қатысушылардың тізімін көруге және өтінім беруге болады;
5. «Портфолио» бөлімінде құжаттарын іледі: диплом, сертификаттар және тағы басқалар;
6. «Іс-шаралар» бөлімі тіркеу жүйесі арқылы ашылған іс-шаралар тізімін қарауға мүмкіндік береді. Қатысушылар іс-шаралар туралы қысқаша ақпаратты қарап, қызығушылық танытқан ауысымға өтінім бере алады.
7. «Жақын достар» бөлімінде іс-шараларды немесе бірнеше іс-шараларды (атауы, өткізу орны, өткізу кезеңі) таңдауға мүмкіндік береді.
8. «Кері байланыс» бөлімі нақты іс-шараны ұйымдастыру комитетіне немесе техникалық қолдау қызметіне жүгінуді көздейді. Ол үшін хат тақырыбына сәйкес санатты таңдау қажет (Сурет 13) [57].



Келесі платформа Әзірбайжанда жастарға арналған бірыңғай электронды платформасы жасалды.

Әзірбайжан жастар қоры бірыңғай ақпараттық портал – «GəncApp» мобильдік қосымшасы мен genc.az сайты құрды. Портал мемлекет және жеке секторлар, сондай-ақ, халықаралық ұйымдар жастарға ұсынатын іс-шаралар мен жобалар туралы қызметтер мен ақпараттар қамтылған.

«GəncApp» қосымшасы арқылы пайдаланушылар жергілікті және шетелдік құрылымдардың стипендиялық бағдарламалары, шетелде оқыту және тәжірибе бойынша ұсыныстар, гранттық байқаулар туралы ақпарат ала алады. Сонымен қатар, қосымшада жастардың волонтерлік қозғалысқа қатысу мүмкіндігі ескерілген.

**«GəncApp» қосымшасының мақсаты** жастарды жастар саясаты саласында жүзеге асырылатын іс-шаралар, жобалар мен бастамалар туралы, сондай-ақ, бірыңғай орталықтандырылған электрондық форматта мемлекеттік қолдау мен қызмет көрсетудің тетіктері туралы хабардар ету болып табылады [58].

**«GəncApp»** мобильді қосымшасы арқылы жастар қажетті іс-шараларға қол жеткізе алады. Олар 24/7 режимінде жаңартулар мен жаңалықтарды алып, олардың қызығушылығына қатысы бар барлық әрекеттерді хабардар болады.

Мүмкіндіктер:

Қосымшаның негізгі артықшылықтары:

- Гранттық байқаулар, стипендиялық бағдарламалар және тағы басқа жастарға пайдалы іс шаралар туралы ақпарат алуы;
- Соңғы бос орындар, тағылымдамалар мен волонтерлік бағдарламалар туралы хабардар болуы;
- «CV» генераторы функциясы арқылы түйіндемені жасап және бөлісуге болады;
- Мемлекеттік органдармен және компаниялармен интерактивті кері байланыс алуға болады;
- Білім курстарында, вебинарларда қатыса отырып, білім дағдыларын жетілдіре алады;
- Мемлекеттік мекемелерден, компаниялардан соңғы жаңалықтарға хабардар бола алады [53].

Ресей және Азербайжан елдерінің тәжірибесіне сүйеніп, өз елімізде аталған платформа мен мобильдік қосымшаны құруға болады. Платформа өз кезегінде жастар арасында мемлекеттік бағдарламаларға қатысу ашықтығын көрсетеді және жастардың мекемелерге барып, кезекте тұруынан босатады. Егер, біз аталған платформаны өз елімізде құратын болсақ, кейбір функцияларды жетілдіруге болады. Мәселен, жастар тек қана іс-шараларға қатысу емес, сонымен қатар, қосымша арқылы мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға тікелей өзінің жеке электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы өтінім беру арқылы жұмысқа орналасу немесе білім алу мүмкіндігін қарастыруға болады. Ол үшін



құрылатын электрондық платформаны egov.kz порталымен үйлестіру керек. Яғни, бағдарламаларға қатысу үшін өтінім беру қызметін egov.kz порталында жаңа қызмет жасау керек. Аталған жұмысты ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ ұйымдастыру керек.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінен кейінгі анықталған әр түрлі саладағы мәселелерді шешу жолындағы әр түрлі салалардағы мемлекеттік бағдарламаларды қарап, қазақстандықтардың жас ұрпағы өмірінің барлық аспектілері мемлекеттік қолдаумен қамтамасыз етілетінін атап өткен жөн.

Мысалға, білім беру саласында ауқымды шаралар ұсынылған. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 14 жастан бастап жастарға көмек пен мүмкіндіктер кең ауқымын қамтиды: мектеп және колледж оқушыларын «Жас Ұлан», «Жас Сарбаз» қозғалыстарына тартудан бастап, ТЖКБ және жоғары оқу орындарының жұмысқа орналастырылған түлектерінің санына дейін шаралар қарастырылған [9].

Жас ұрпақтың денсаулығы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жіті назарда Медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету желісіндегі жастар денсаулық орталықтарының қызметін жетілдіру, денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері үшін, әсіресе жас мамандарға, оның ішінде ауылдық жерлерде, шағын қалаларда, өңірлерде әлеуметтік қолдау шараларын күшейту денсаулықты тұтастай да, сондай-ақ қызметкерлерді денсаулық сақтау саласына тартуға мүмкіндік береді [10].

Жастардың негізгі қажеттіліктерінің бірі жұмыспен қамту бойынша шаралар нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасында кеңінен ұсынылған [11].

Жас ұрпақтың өміріндегі ең танымал проблемалардың бірі тұрғын үймен қамтамасыз ету болып табылады. Негізінде, бұл мәселені шешу үшін тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бар. Мемлекеттік бағдарлама Нұр-сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында жұмыс істейтін жастарға жалға берілетін тұрғын үй сатып алу қарастырылған [12].

2020-2025 жылдарға арналған дене шынықтыру және бұқаралық спортты дамыту жөніндегі кешенді жоспары, ол сондай-ақ бірқатар шараларды көздейді, мысалы, дене шынықтыру және спорт бойынша сабақтан тыс сабақтарды жүргізгені үшін мұғалімдерге базалық лауазымдық жалақыдан 100% қосымша ақы енгізу [60].

Қорытындысында, мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру үшін жастар саясаты қызметін автоматтандыру аясында:

1. Қолданыстағы бағдарламаларды жетілдіруді;
2. Жастар бағдарламалар бойынша электрондық платформаны және мобильді қосымшаны құруды;

3. Өңірлердегі тікелей жастармен жұмыс істейтін 208 өңірлік және 17 облыстық жастар ресурстық орталықтарын жобалық менеджментке көшіруді ұсынамын.

Бұл ұсыныстар өз кезегінде, мемлекеттік жастар саясатының іске асырудағы жүйені жетілдіреді деп санаймын.

### **Қорытынды**

Қорытындысында, еліміздегі жастар саясатының мақсаты - ол жастардың жеке дара дамуына, олардың білім алуына, жұмыспен қамтылуына, мүдделерінің қорғалуына және тағы басқа жастардың қажетті қажеттіліктеріне қол жеткізу үшін мемлекет жастар үшін барынша экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық қолғабыс беруде.

Қазіргі таңда, біздің еліміздегі жүргізіліп жатқан жастар саясаты моделі, атап айтақанда институционалдық даму жағынан шет елдегі жастар саясатының институционалдық дамуынан айтарлықтай көп айырмашылық жоқ.

Жас азаматтар – ол әр түрлі санаттағы 14-29 жас аралығындағы жастар болып саналады.

Себебі, мемлекет жастар саясатын іске асырудағы институционалдық дамуын қалыптастырды. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жастар саясатын жүргізудегі және ұлттық деңгейде жаңа реформаны енгізетін уәкілетті орган. Сонымен қатар, жастар мәселелері тұрғын үй, білім беру, жұмыспен

қамтамасыз ету, спорт және мәдениет сияқты проблемаларды шешетін мемлекеттік органдар. Орталық деңгейде ҚР Президенті жанындағы жастар саясаты кеңесі құрылған. Әрбір облыста жастар саясаты бөлімдері бар. Жастар саясатының дамуында басты рөлді бірқатар ұйымдар да атқарады. Барлық өңірлерде жастар мәселелерін қарастыратын және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізетін 208 жастар ресурстық орталықтары, 596-дан астам Қазақстан бойынша жастар мәселесі бойынша үкіметтік емес ұйымдар, барлық деңгейдегі әкімдер жанындағы 218 жастар ісі жөніндегі кеңестер, 897 жастар ісі жөніндегі комитеттері бар.

Мемлекет еліміздегі жас азаматтарының мәселерін шешуде бірқатар нормативтік құқықтық актілерді қабылдап, мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды әзірледі. Олар:

1994 жылы Қазақстан Бала құқықтары туралы Конвенцияны бекітіп, 1999 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы қабылданды;

2000 жылы ҚР Үкіметі жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңес құрылды;

2001 жылдан бастап «Қазақстан Жастары», «Жастар саясатының 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы», «Жастар саясатының 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы», Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы сияқты бағдарламалар іске асырылды. 2004 жылы ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы заңы қабылданды;

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы;

«Қазақстан 2020: болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданды;

Білім беру саласында Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [9].

Жас ұрпақтың денсаулығы бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [10].

Жастардың негізгі қажеттіліктерінің бірі жұмыспен қамту бойынша шаралар нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы [11].

Жас ұрпақтың өміріндегі ең танымал проблемалардың бірі тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы [12].

2020-2025 жылдарға арналған дене шынықтыру және бұқаралық спортты дамыту жөніндегі кешенді жоспардың жобасы әзірлену сатысында.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 тамыздағы «Волонтер жылын жариялау туралы» № 135 Жарлығы [4].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы «Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасын бекіту туралы» № 27 қаулысы [13].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 27 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 27 қыркүйекте «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, «Мәңгілік ел жастары-индустрияға!» (Серпін) жобасы бойынша кадрлар даярлауды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» № 425 бұйрығы [14].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы № 968 қаулысы [15].

Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан [3].

«Дипломмен ауылға!» жобасы - Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және ынталандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы N 111-IV Заңы» және тағы басқа жобалар[16].

Бірақ, мемлекет тарапынан бірқатар нормативтік актілермен бағдарламалардың қабылдануына және институционалдық дамуына қарамастан жастар арасында өзекті мәселердің шешімі әлі де болсын табылмай келе жатыр.

Бұған дәлел, жастардың өзекті мәселеріне «Жастар» зерттеу орталығының, Академияның және өзінің жеке жүргізген зерттеулер негіз болып отыр.

Қазіргі уақытта, жастардың жеке жұмыссыздық, білім алу, отбасы құру, тұрғын үй алу, бос уақыттарын өткізу, мәдени дамулары және тағы басқа өзекті мәселердің бар екендігін көруге болады.

Сондай-ақ, жастар мемлекет тарапынан іске асырылып жатқан жастар саясаты жөніндегі ақпараттарға хабарсыздығын және олардың өңірлеріндегі жастар ресурстық орталықтардың қызметін білмейтіндігін, жастар үшін арналаған бағдарламаларға қалай қатысу керек екендігінен немесе бар екендігінен хабарсыз болып отыр.

Бұған себеп, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, жастар ұйымдардың, ҮЕҰ жастар саясатындағы жеткілікті ресурстарды жастарға жеткізе алмай отырғанымен болады және жастар тарапынан жастар саясатын іске асыруға өздерінен бастамашылықтары төмендігімен байланыстыруға болады.

Яғни, жастар саясатын іске асырып отырған қызметкерлердің жұмыстарына жауапты қарамауы, асырылып жатқан бағдарламаларды жастарға дұрыс түсіндірілмеуі, дұрыс шешімдер қабылдай алмауы, коррупциялық құқықбұзушылықтар және тағы басқа проблемалардың кездесуі байқалуда.

Жастардың әлеуметтік мәселелерін шешу жүйелі тәсілді қажет етеді. Іс жүзінде оған негізделген:

мемлекеттік жастар саясаты саласындағы жастар мен атқарушы органдар арасындағы қарым-қатынастың жаңа деңгейін қалыптастыру;

жастардың санасында мемлекеттің оң имиджін қалыптастыруға белсенді ықпал ететін заманауи әлеуметтік технологияларды дамыту;

Ол үшін:

1. ЖРО жастармен тікелей жұмыс жасайтын орган ретінде әр аудандағы жастар ресурстық орталықтардың қызметін мемлекеттік басқару жүйесіндегі жобалық басқарудың бірыңғай жүйесіне, яғни мемлекеттік жоспарлау жүйесінің ақпараттық платформасына енгізуді ұсынамын.

Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Мемлекеттік басқарудағы жобалық менеджментті дамыту орталығының басшысы А.Қ. Евниевтің бастамасымен мемлекеттік органдардың жобалық қызметін мемлекеттік жоспарлау жүйесінің ақпараттық платформасында ұйымдастыру бойынша қарқынды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мемлекеттік органдардың қызметіне жаңа ұйымдастыру мәдениетін және мемлекеттік басқарудың сервистік моделін енгізу болып табылады.

2. Қолданыстағы бағдарламалар мен жобаларды жетілдіру. Жобаларды жетілдіруді, мемлекеттік органдардың жобалық қызметін жобалық басқаруға көшіру кезінде бірден қолданыстағы бағдарламаларды жетілдіру арқылы автоматтандыру қажет. Төменде бірқатар бағдарламаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар көрсетілген.

- «Нұрлы жер» 2020-2025 бағдарламасына өзгеріс енгізу қажет: 5.1.1. тармағы 3) тармақшасындағы «мемлекеттік жастар саясаты саласындағы уәкілетті орган бекітетін жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйді Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында беру» жазбасын «мемлекеттік жастар саясаты саласындағы уәкілетті орган бекітетін жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйді [12] Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында және облыстарда беру» деп өзгерту.

- «Жасыл ел» бағдарламасын тұрақты жұмыс етіп жасау. Тек қана көгаландыру немесе абаттандыру емес, басқа да мамандықтарды сырлау, қар тазалау және құрылыс жұмыстарын қарастыру.

- «Дипломмен ауылға!» жобасы өте тиімді жоба екенін дәлелдеп келе жатыр, бірақ осы жобаға өзгерістер енгізу қажет. Мысалға, жоба бойынша мамандықтар тізбесін кеңейту және жобамен ауылдарға жұмыс істеуге баратын жастарға тұратын тұрғын үй мәселесін немесе жалдамалы тұрғын үйлер салу мүмкіндігін қарастыру.

- «Жас кәсіпкер» бағдарламасы бойынша грант көлемін ұлғайту және жастардың жеке кәсібінің іске асырылуын қадағалау, яғни қайтарымсыз гранттың жастардың жеке қажеттіліктеріне емес, жеке істерінің ашылуына мониторинг жасау керк.

Жоғарыда айтылғандай, аталған жобалар бойынша коррупциялық құқықбұзушылықтардың және жастардың жобаларға қатысуға кедергілердің

болуына орай, жобаларға қатысу қызметін автоматтандыру қажет деп санаймын.

3. Жастар бағдарламалары бойынша электрондық платформаны және мобильді қосымшаны құруды Ресей және Әзербайжан елдерінің тәжірибесіне орай ұсынамын. Бірақ, кейбір функцияларын жетілдіруді ұсынамын, яғни жастар құрылған платформада тек қандай бағдарламалардың бар екендігін біліп қоймай, сол бағдарламаларға тікелей қатысуға өтінім бере ала алатындай жаңа мемлекеттік қызметті құруды ұсынамын.

Бұл ұсыныстар өз кезегінде, мемлекеттік жастар саясатының іске асырудағы жүйені жетілдіреді деп санаймын.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1 Қазақстан Республикасы. Қаулы. «Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы: № 633 қаулы: [2018 жылғы 11 қазанда Қазақстан Республикасының Үкіметімен қабылданды]. – Астанан, 2018. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000633> (жүгінген күні: 12.04.2020).

2 «Қазақстан жастары – 2019» ұлттық баяндамасы: ресми сайт, 2019. – Мәтін: электрондық. – URL: <https://eljastary.kz/page/42> (жүгінген күні: 12.04.2020).

3 Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан. – Мәтін:

электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> (жүгінген күні: 01.05.2020).

4 Қазақстан Республикасы. Жарлық. Волонтер жылын жариялау туралы: № 135 Жарлық: [2019 жылғы 26 тамызда Қазақстан Республикасының Президентімен қабылданды]. Нұр-Сұлтан, 2019. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1900000135> (жүгінген күні: 12.04.2020).

5 Абдрашитова Т.А., Оспанов Я.Н. – Передовой опыт по патриотическому воспитанию граждан: методическое пособие. – Астана, 2009: издательство ТОО «Агроиздат». – 236с. - ISBN 978-601-7060-70-1 : 700.00. – Мәтін: тікелей.

6 Калетаев Д.А., Долматов А.Ю., Бажова Т.В., Шойкин Г.Н. Государственная молодежная политика РК. – Астана, 2001. – 164с. - ISBN 5-7667-9515-7 : 164.00. – Мәтін: тікелей.

7 Қазбек Б.Е. Новое поколение и возможности: монография. – Астана, 2019: ОО «ИЭЭ». – 207с. – ISBN 978-601-332-362-6 : 500.00. – Мәтін: тікелей.

8 Қазақстан Республикасы. Заң. Мемлекеттік жастар саясаты туралы: Заң № 285-V ҚРЗ: [2015 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Республикасының Парламентімен қабылданды]. – Астанан, 2015. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285> (жүгінген күні: 12.04.2020).

9 Қазақстан Республикасы. Қаулы. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: № 988 қаулы: [2019 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Үкіметімен қабылданды]. – Нұр-Сұлтан, 2019. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (жүгінген күні: 20.04.2020).

10 Қазақстан Республикасы. Қаулы. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: № 982 қаулы: [2019 жылғы 26 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Үкіметімен қабылданды]. – Нұр-Сұлтан, 2019. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000982> (жүгінген күні: 20.04.2020).

11 Қазақстан Республикасы. Қаулы. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: № 746 қаулы: [2018 жылғы 13 қарашада Қазақстан Республикасының Үкіметімен қабылданды]. – Астана, 2018. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық

актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000746> (жүгінген күні: 12.04.2020).

12 Қазақстан Республикасы. Қаулы. Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: № 1054 қаулы: [2019 жылғы 31 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Үкіметімен қабылданды]. – Нұр-Сұлтан, 2019. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001054> (жүгінген күні: 20.04.2020).

13 Қазақстан Республикасы. Қаулы. Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасын бекіту туралы: № 27 қаулы: [2019 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасының Үкіметімен қабылданды]. – Нұр-Сұлтан, 2019. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000027> (жүгінген күні: 12.04.2020).

14 Қазақстан Республикасы. Бұйрық. Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, «Мәңгілік ел жастары-индустрияға! (Серпін) жобасы бойынша кадрлар даярлауды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы: № 425 бұйрық: [2019 жылғы 27 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен қабылданды]. – Нұр-Сұлтан, 2019. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019415> (жүгінген күні: 12.04.2020).

15 Қазақстан Республикасы. Қаулы. «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: № 522 қаулы: [2018 жылғы 25 тамызда Қазақстан Республикасының Үкіметімен қабылданды]. – Астана, 2018. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000522> (жүгінген күні: 12.04.2020).

16 Қазақстан Республикасы. Заң. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және ынталандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: N 111-IV Заңы: [2008 жылғы 24 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Парламентімен қабылданды]. – Астана, 2008. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000111> (жүгінген күні: 09.05.2020).

17 Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жастар саясаты саласындағы анықтамалық ақпараты. – Нұр-Сұлтан, 2019. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресми сайты. – URL:



<http://qogam.gov.kz/kk/kategorii/molodezhnaya-politika> (жүгінген күні: 14.04.2020).

18 Қазақстан жастары конгресі: ресми сайты, 2020. – Мәтін: электрондық. – URL: <https://jascongress.kz/about/> (жүгінген күні: 09.05.2020).

19 Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылғы 5 наурыздағы, Нұр-Сұлтан қ. жолдауы. Президенттің бес әлеуметтік бастамасы. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – URL: [https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal\\_political\\_affairs/in\\_speeches\\_and\\_addresses/kazakstan-prezidenti-nursultan-nazarbaevtyn-prezidenttin-bes-aleumettik-bastamasy-atty-halykka-undeui](https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/kazakstan-prezidenti-nursultan-nazarbaevtyn-prezidenttin-bes-aleumettik-bastamasy-atty-halykka-undeui) (жүгінген күні: 10.05.2020).

20 Қазақстан Республикасы. Қаулы. «Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы: № 633 қаулы: [2018 жылғы 11 қазанда Қазақстан Республикасының Үкіметімен қабылданды]. – Астана, 2018. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000633> (жүгінген күні: 12.04.2020).

21 Қалиев Т.Б., Қайдарова Ә.С., Каримова Ж.К., Әшімханова Д.Ә., Маульшариф М.М., Насимова Г.О., Негай Н.А., Сыдықназаров М. Қ., Шаповал Ю.В., Мусатаева Ф.М., Оқасова Г.Е., Касымбеков А.М. «Қазақстан жастары – 2018» Ұлттық баяндамасы. Национальный доклад «Молодежь Казахстана – 2018». National report «Youth of Kazakhstan – 2018». – Астана, 2018. - 410б. - ISBN 078-601-7857-37-0. – Мәтін: электрондық // EIJastary бірыңғай интернет-ресурс: ресми сайт. – URL: <http://eljastary.kz/storage/Нац%20доклад%202018/НД%202018> (жүгінген күні: 11.02.2020).

22 Snežana Bačlija Knoch, Valentin Dupouey, Susana Lafraya, handbook on quality in learning mobility Council of Europe and European Commission. – 162 pages. – Мәтін: электрондық. – URL: <https://pjp-eu.coe.int/documents/42128013/47261953/Handbook+LM/3a5c103c-0367-4eba-1aca-ee544826f557> (жүгінген күні: 12.01.2020).

23 2011-2019 жж. арналған Жастар саясатын дамытудың ұлттық стратегиясы. – Литва, 2010. – Мәтін: электрондық. – URL: <https://e-seimas.lrs.lt/portal/legalAct/lt/TAD/TAIS.387971> (жүгінген күні: 12.01.2020).

24 Youth Guarantee country by country. – Austria, January 2020. – Мәтін: электрондық. – URL: <https://eacea.ec.europa.eu/national-policies/en/content/youthwiki/overview-Austria> (жүгінген күні: 12.01.2020).

25 Overview of South Korea. – South Korea, 2020. – Мәтін: электрондық. – URL: <https://www.nti.org/learn/countries/south-korea/official-documents/> (жүгінген күні: 12.01.2020).

26 The National Council of Youth Organisations in Korea. – South Korea, 2020. – Мәтін: электрондық. – URL:

[https://ncyok.or.kr/bbs/content.php?ct\\_id=21&cate\\_id=8010](https://ncyok.or.kr/bbs/content.php?ct_id=21&cate_id=8010) (жүгінген күні: 12.01.2020).

27 Қытай Коммунистік Партиясы. – 2015. – Мәтін: электрондық. – URL: [https://kk.wikipedia.org/wiki/Қытай\\_коммунистік\\_партиясы](https://kk.wikipedia.org/wiki/Қытай_коммунистік_партиясы) (жүгінген күні: 12.01.2020).

28 Современная китайская молодежь. Краткая оценка. – 2020. – Мәтін: электрондық. – URL: <https://caa-network.org/archives/19153> (жүгінген күні: 12.12.2019).

29 Қазақстан Республикасы. Заң. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» N 581 Заңының күші жойылуы туралы: № 285-V Заңы: [2015 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Республикасының Парламентімен қабылданды]. – Астана, 2015. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000581> (жүгінген күні: 01.05.2020).

30 Қазақстан Республикасы. Қаулы. Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы: [1994 жылғы 8 маусымда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесімен қабылданды]. – Астана, 1994. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400> (жүгінген күні: 12.04.2020).

31 Қазақстан Республикасы. Өкім. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы туралы: Өкім N 73: [1999 жылғы 28 тамызда Қазақстан Республикасы Президентімен қабылданды]. – Астана, 1999. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/N990000073> (жүгінген күні: 01.05.2020).

32 Қазақстан Республикасы. Қаулы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 17 ақпандағы N 249 қаулысына өзгерістер енгізу туралы: N 718 қаулы: [2002 жылғы 3 шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметімен қабылданды]. – Астана, 2002. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P020000718> (жүгінген күні: 01.05.2020).

33 Қазақстан Республикасы. Заң. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» N 581 Заңының күші жойылуы туралы: № 285-V Заңы: [2015 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Республикасының Парламентімен қабылданды]. – Астана, 2015. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000581> (жүгінген күні: 01.05.2020).

34 «Қазақстан 2020: болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (екінші кезең – 2016 – 2020 жылдар). – Астана, 2016. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-

құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500000983> (жүгінген күні: 12.04.2020).

35 Қазақстан Республикасы. Қаулы. «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы: № 191 қаулы: [2013 жылғы 27 ақпанда Қазақстан Республикасы Үкіметімен қабылданды]. – Астана, 2012. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31666335](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31666335) (жүгінген күні: 12.04.2020).

36 Қазақстан Республикасы. Қаулы. «18 – 29 жас аралығындағы NEET жастарды, оның ішінде 2018 жылғы түлектерді жұмыспен қамту және әлеуметтендіру бойынша жол картасын бекіту туралы: № 583 қаулы: [2018 жылғы 21 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Үкіметімен қабылданды]. – Астана, 2018. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000583> (жүгінген күні: 12.04.2020).

37 Қазақстан Республикасы. Қаулы. Волонтер жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы: № 3 қаулы: [2020 жылғы 16 қаңтарда Қазақстан Республикасы Үкіметімен қабылданды]. – Нұр-Сұлтан, 2020. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000003> (жүгінген күні: 12.04.2020).

38 Елжан Е. В ЗКО выявили нарушения при реализации программы «С дипломом - в село!». - 2018 год. – Мәтін: электрондық. – URL: [https://www.inform.kz/ru/v-zko-vyyavili-narusheniya-pri-realizacii-programmy-s-diplomom-v-selo\\_a2819308](https://www.inform.kz/ru/v-zko-vyyavili-narusheniya-pri-realizacii-programmy-s-diplomom-v-selo_a2819308) (жүгінген күні: 11.05.2020).

39 Годунова Н.Н. Открытый диалог. – 2013. – Мәтін: электрондық // Электрондық үкімет. – URL: <https://dialog.egov.kz/blogs/all-questions/89926> (жүгінген күні: 11.05.2020).

40 Терещенко Д. «С дипломом в село»: кому – перебор, а кому – ничего. - 2015 год. – Мәтін: электрондық // Надежда. – URL: <http://nadezhda.kz/2015/09/23/c-дипломом-в-село-кому-перебор-а-ком/> (жүгінген күні: 11.05.2020).

41 Прокуратура выявила многочисленные нарушения в программе «С дипломом – в село!» в ЗКО. – 2015. – Мәтін: электрондық // Матрица.kz. – URL: <http://www.matritca.kz/news/25726-prokuratura-vyyavila-mnogochislennye-narusheniya-v-programme-s-diplomom-v-selo-v-zko.html> (жүгінген күні: 11.05.2020).

42 Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ. 2005 жылғы 18 ақпан. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жанару жолында». – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K050002006> (жүгінген күні: 12.04.2020).

43 Қазақстан Республикасы. Заң. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы: N 54 Заң: [2005 жылғы 30 мамырда Қазақстан Республикасы Парламентімен қабылданды]. – Астана, 2005. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000054> (жүгінген күні: 02.05.2020).

44 Сақтан Е. «Жас кәсіпкер» жобасына кімдер қатыса алады? – 2019. – Мәтін: электрондық. – URL: <https://baribar.kz/107028/zhas-kasipker-zhobasyna-kimder-qatysa-alady/> (жүгінген күні: 16.04.2020).

45 Заключение к проекту Закона Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 2019 – 2021 годы» // Оценка средств, направленных на государственную поддержку предпринимательства в рамках правительственных программ Продуктивная занятость и «Дорожная карта бизнеса 2020». – Нұр-Сұлтан, 2020. – стр. 63-74. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы Есеп комитетінің ресми сайты.. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/documents/details/8877?la> (жүгінген күні: 12.04.2020).

46 Қазақстан Республикасы. Қаулы. «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: № 968 қаулы: [2019 жылғы 24 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметімен қабылданды]. – Нұр-Сұлтан, 2019. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000968> (жүгінген күні: 05.12.2019).

47 Қазақстан Республикасы. Жарлық. Президенттік жастар кадр резервінің кейбір мәселелері туралы: № 141 Жарлық: [2019 жылғы 27 тамызда Қазақстан Республикасы Президентімен қабылданды]. – Нұр-Сұлтан, 2019. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1900000141> (жүгінген күні: 12.04.2020).

48 Президенттік жастар кадр резервінің ресми сайты. – Нұр-Сұлтан, 2020. – Мәтін: электрондық. – URL: <https://pkrezerv.kz> (жүгінген күні: 12.04.2020).

49 Триста молодых казахстанцев вошли в президентский кадровый резерв. - Нұр-Сұлтан, 2019. – Мәтін: электрондық // Sputnik: ресми сайт. – URL: <https://ru.sputniknews.kz/society/20191225/12368522/prezidentskiy-kadrovyy-rezerv-itogi-otbor.html> (жүгінген күні: 02.05.2020).

50 Ойшыбаев К.Б., Қайдарова А.С., Каримова Ж.К., Әшімханова Д.Ә., Батталова Ж.С., Родионов А.Н., Ким Е.М., Жампеисов Д.А., Шаповал Ю.В., Касымбеков А.М. «Қазақстан жастары - 2019» Ұлттық баяндамасы. Национальный доклад «Молодежь Казахстана - 2019». «National report Youth of Kazakhstan – 2019». – Астана, 2019. – 419б. – Мәтін: электрондық // ElJastary бірыңғай интернет-ресурс: ресми сайт. – URL: <https://eljastary.kz/page/42> (жүгінген күні: 12.04.2020).

51 Дуламбаева Р.Т., Джумабаев С.А. Отчет «Исследование молодежных проблем» в рамках социального проекта «Организация выездов 4 групп менторов для проведения мотивационной работы с молодежью в регионах» (срок исполнения 01.08.19-01.11-19). – Нұр-Сұлтан, 2019. – стр. 220. – Заказчик Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан. – Мәтін: тікелей.

52 Қазақстан Республикасы. Өкім. Мемлекет басшысының «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы «Жас Отан» жастар қанаты ІІ съезінің қорытындылары бойынша берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы: № 21-ө Өкім: [2013 жылғы 11 ақпанда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрімен қабылданды]. – Астана, 2013. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/R1300000021> (жүгінген күні: 11.05.2020).

53 Қазақстан Республикасы. Бұйрық. Жастар ресурстық орталықтары туралы үлгілік ережені бекіту туралы: № 444 бұйрық: [2019 жылғы 19 қарашада Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрімен қабылданды]. – Нұр-Сұлтан, 2019. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019619> (жүгінген күні: 11.05.2020).

54 Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 1997 жылғы 11 қазан. «Қазақстан - 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы». – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030> (жүгінген күні: 11.05.2020).

55 Қазақстан Республикасы. Жарлық. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы: № 636 Жарлық: [2018 жылғы 15 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентімен қабылданды]. – Астана, 2018. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636> (жүгінген күні: 11.05.2020).

56 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Президенттік жастар кадр резервіне өткен азаматтармен кездесуде сөйлеген сөзі. – Нұр-Сұлтан, 15 қаңтар 2020. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайт. – URL: [http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal\\_political\\_affairs/in\\_speeches\\_and\\_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-prezidenttik-zhastar-kadr-rezervine-otken-azamattarmen-kezdeseude-soilegen-sozi](http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-prezidenttik-zhastar-kadr-rezervine-otken-azamattarmen-kezdeseude-soilegen-sozi) (жүгінген күні: 11.05.2020).

57 Информационная система «Молодежь России». – Москва, 2020. – Мәтін: электрондық. – URL: <https://myrosmol.ru> и <https://fadm.gov.ru/docs> (жүгінген күні: 12.05.2020).

58 Исабалаева И. В Азербайджане создана единая электронная платформа для молодежи. – Азербайджан, 30 сентября 2019. – Мәтін: электрондық. – URL: <https://www.trend.az/azerbaijan/society/3125863.html> (жүгінген күні: 12.05.2020).

59 Азербайжан жастарының электрондық платформасы. – Азербайжан, 2020. – Мәтін: электрондық. – URL: <http://genc.az> (жүгінген күні: 12.05.2020).

60 Қазақстан Республикасы. Қаулы. Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы: «№ 242 қаулы: [2020 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметімен қабылданды. – Нұр-Сұлтан, 2020. – Мәтін: электрондық // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ресми сайт. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000242> (жүгінген күні: 12.02.2020).

## ҚОСЫМША А

### Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Жастар және отбасы істері комитеті қызметкерлерінің арасында жүргізілген

#### Тереңдетілген сұхбат нысаны

*Өзімді таныстырып кетуге рұқсат етіңіз: Менің есімі Бекзат, Мен ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының I курс магистрантымын. Менің диссертациялық тақырыбым: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты» атты тақырыбында зерттеу жасау үшін сізден сұхбат алсам жұмыс жүргізуіме зор көмегіңіз болар еді.*

*Сізге сұхбат беруге келісіміңізді бергені үлкен алғысымды білдіремін. үшін. Зерттеу нәтижесінде алынған барлық ақпараттар құпия болып қалады және тек қана ғылыми мақсатта пайдаланылады.*

*Егер Сізде сұрақтарыңыз болмаса, біз сауалнаманы бастай аламыз.*

1. Өзіңіз туралы таныстырып кетсеңіз?
2. Мемлекеттік жастар саласындағы тәжірибеніз жайлы толығырақ айтып берсеңіз? Неше жыл қызмет атқарып келесіз?
3. Мемлекеттік жастар саласын таңдауыңызға не себеп болды?
4. Қазақстан Республикасындағы жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының деңгейі туралы пікіріңізді айтып кетсеңіз? (үй мәселесі, жұмыс мәселесі және т.б)
5. Осы жыл Жастар жылы аталуына байланысты жастар үшін қандай бағдарламалар, іс - шаралар жоспарлануда?
6. Жол картасына сәйкес жас отбасылары үшін тұрғын үй бағдарламасы болуы жоспарлануда, бұл бағдарламаның осы уақытқа дейінгі қолданылған жас отбасыларға арналған бағдарламалардан айырмашылығы қандай және одан қандай нәтижелер күтілуде. Бұл бағдарлама әлеуметтік жағдайы орташа жас отабсылар үшін қаншалықты қол жетімді?
7. Мемлекеттік жастар саясатына қатысты жастардың көзқарасы қандай деп ойлайсыз?
8. Мемлекеттік жастар саясатында қандай шешілмеген өзекті проблемалар бар?
9. Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда қандай шетелдік тәжірибелер қолданылды немесе жоспарлануда?
10. Мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру жолдары бойынша қандай ұсыныстар берер едіңіз?
11. Мемлекеттік жастар саясатына қатысты қосымша не айталасыз, немесе қоса аласыз?

Ынтымақтастық үшін Сізге рахмет!

## **ҚОСЫМША Б**

### **Қазақстандағы 14-17 жас аралығындағы жастар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелеріне талдау, қазақ тілінде**

#### **Жалпы ақпарат.**

Сауалнама 2019 жылдың қазан-қараша айларында жүргізілді. Сауалнамаға 505 адам қатысты, оның ішінде 240 – қыз бала, 222 – ер бала, 37 – жынысы анықталмаған. Сауалнама 9 сұрақтан тұрады.


#### **1-сұрақ – білім деңгейі.**

Республика бойынша жастардың 14-17 жас аралығында білім деңгейлері келесідей:

- Орта сынып (11 сынып) – 167;
- ЖОО, колледж – 157;
- Негізгі сынып (9 сынып) – 128;
- Бакалавр, магистр – 49;

Докторант – 4 (Түркістан облысында -1, Шымкент қаласында -3).





*Сур. 1 – Ақпараттық панель. Білім деңгейі*

**Қорытынды.** Күмән тудыратын факт бар, яғни 14-17 жас аралығында бакалавр, магистр дәрежесіндегі жастар саны - 49. Ең көп Шымкент қаласында - 30 адам, Жамбыл облысы – 6, Түркістан облысы – 4, Алматы қаласы – 3, Маңғыстау облысы – 2, Ақтөбе, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында -1 адам. Бұл сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол берілгенін көрсетеді.

**2-сұрақ. Сіз көбіне қандай көңіл-күйде боласыз?**


Қандай көңіл-күйде жүресіз деген сұраққа «тамаша» жауабын 187 жастар таңдады, оның ішінде 120 – әйел, 67 - ер адам. Тамаша көңілде жүретін жастардың көбісі республикалық маңызды қалаларда - 63, ауылда -55, ауданда – 32, облыс орталығында – 26, моноқалаларда -10 тұрады.

**Жақсы көңіл-күйде** 211 жастар жүреді. Оның ішінде әйел – 154, ер – 57. Олар негізінен ауылдық жерде – 67, аудандық – 44 және облыс орталықтарында - 42 тұрады.

**Нашар көңіл-күйде** 33 жастар жүреді. Оның ішінде – 20, ер – 13. Олардың көпшілігі респ. маңызы бар қалаларда – 12, аудан орталықтарында -8 тұрады.

**Депрессивті көңілде** 22 жастар жүреді, оның 13 –әйел, 9 – ер адам. Депрессивті көңілде жүретін жастардың көбісі республикалық маңызды қалаларда - 9, ауылда -1, ауданда – 5, облыс орталығында – 4, моноқалаларда -3 тұрады.

## Көңіл-күйде болу



Сур. 2 – Ақпараттық панель Сіз көбіне қандай көңіл-күйде боласыз?

**Қорытынды.** Алынған қорытынды бойынша, жастардың көпшілігі тамаша және жақсы көңіл күйде жүреді. Ал нашар және депрессивті көңіл күйде жастардың аз саны жүреді. Сонымен қатар, жастардың өсіп жатқан таңында депрессияға салынбай жүргендері оң нәтижеге әкеп соқтырады. Себебі, терең депрессия суицидке, теріс діни ағымдарына, экстремизмге немесе одан жаман әрекеттерге әкеп соқтырса Қазақстанның болашағына қауіп төнеді.

### 3-сұрақ. Сіз бос уақытыңызды қалай өткізесіз?


208 жас бос уақытын **кітап оқу және фильм көрумен** өткізеді. Оның ішінде 150 –әйел, 58 – ер. Олардың көпшілігі ауылдық жерлерде (58), респ. маңызы бар қалаларда (53) тұрады.

97 жас бос уақытын **отбасына арнайды**. Оның ішінде 62 –әйел, 35 – ер. Олардың көпшілігі респ. маңызы бар қалаларда (26), ауылдық жерлерде (22) тұрады.

73 жастар **әлеуметтік желілерде** өткізеді. Оның ішінде 47 –әйел, 26 – ер. Олардың көпшілігі респ. маңызы бар қалаларда (22), ауылдық (15) және аудандық жерлерде (15) тұрады.

75 жастар **сүйікті хоббиімен** айналысады. Оның ішінде 51 –әйел, 24 – ер. Олардың көпшілігі ауылдық жерлерде (23) және облыстық орталықтарда (18) тұрады.

37 жас **достарымен** өткізеді. Оның ішінде 27 –әйел, 10 – ер. Олардың көпшілігі респ. маңызы бар қалаларда (12) және ауылдық (11) жерлерде тұрады.



Сур. 3 – Ақпараттық панель. Сіз бос уақытыңызды қалай өткізесіз?

**Қорытынды.** Жастардың көп бөлігі бос уақытында кітап оқып, фильм көреді, отбасына арнайды. Аз бөлігі достарымен өткізеді, сүйікті хоббиімен айналысады, әлеуметтік желілерді отырады. Еріктілік қызметпен 1 адам, жастар ұйымдарында -1, әндер тыңдап, домбыра тартады – 1, сүйікті ютуберлермен сөйлеседі – 1 адам.

**4-сұрақ. Мамандықты тандау кезінде сіз үшін не маңызды?**

**261 адам үшін білім алу** (оның ішінде Шымкент қ. – 87, Түркістан облысы – 73, Жамбыл облысы – 56, Маңғыстау облысы -15, Ақмола облысы – 9, Ақтөбе облысы – 7, Нұр-Сұлтан қаласы – 6, Алматы қ. – 4, ШҚО және БҚО -1) маңызды.

**121 адам үшін жұмыс** (оның ішінде Түркістан облысы – 44, Шымкент қ. – 43, Жамбыл облысы – 19, Ақтөбе облысы – 7, Маңғыстау облысы – 4, Нұр-Сұлтан қ. – 2, Ақмола және Қарағанды облысы – 1) маңызды.

**56 адам үшін тұрғын үй** (оның ішінде Шымкент қ. – 41, Түркістан облысы – 9, Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда облыстары мен Нұр-Сұлтан қаласы – 1) маңызды.

**30 адам үшін отбасы құру** (оның ішінде Шымкент қаласы – 22, Жамбыл облысы – 3, Түркістан облысы – 2, СҚО, Павлодар және Қызылорда облыстары – 1) маңызды.

**25 адам үшін басқа елге қоныс аудару** (оның ішінде Шымкент қ. – 8, Түркістан облысы – 6, Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары -3, Жамбыл облысы -2, Ақмола, Ақтөбе және Маңғыстау облыстары – 1) маңызды.

**2 адам үшін ата-анасы** (Маңғыстау облысы, Шымкент қ.), **1 адам үшін кумир** (Шымкент қ.), **1 адам үшін қоғамға көмек** (Нұр-Сұлтан қ.) маңызды.



Сур. 4 – Ақпараттық панель. Мамандықты таңдау кезінде сіз үшін не маңызды?

**Қорытынды.** Мамандықты таңдау кезінде жастардың көбісі үшін білім алу маңызды, яғни білім алу үшін ешқандай мәселе жоқтығын көрсетеді, ал кейбір жастарға білім алу үшін тұратын тұрғын үй немесе оқуды төлеу үшін жұмыс істеу, отбасы құру (мамандық маңызды емес, бірінші кезекте отбасы құру) керектігі анықталды. Сонымен қатар, 25 жас адам мамандық алу үшін басқа елге қоныс аударғысы келетіндігін көрсеткен.

### **5-сұрақ. Сіз жиі аурасыз ба?**

«**Жылына бір-екі рет ауырамын**» деген жауапты 330 респондент таңдады, олардың ішіндегі әйелдері – 218, еркек – 86. Өңірлер бойынша тоқталсақ, ең көбі Шымкент қаласында – 127, Түркістан облысы - 98, Жамбыл облысы -56, Маңғытсау облысы - 15, Ақмола облысы және Нұр-сұлтан қаласында 10 адамнан, Ақтөбе облысы -8, Алматы қаласы -5, Қарағанды және Қызылорда облыстарында – 2, Солтүстік Қаз облысы -1 адам жылына бір-екі рет ауырады. Жылына бір-екі реттен ең көбі ауылдық жерлердегі жастар ауыратыны анықталды.

«**Жиі созылмалы ауруым бар**» жауабын 52 жас белгіледі. Олардың 8-еркек, 41 – әйел адамдар. Бұл жауап бойынша да ең көп созылмалы ауруы бар жастар Шымкент қаласында -32, Түркістан облысы -8, Ақтөбе және Жамбыл облыстарында – 3, Нұр-сұлтан қаласында – 2.

«**Ауырмаймын**» жауабын 71 респондент белгіледі, олардың 49 –әйел, 18 – ер балалар. Шымкент қ. – 24, Түркістан облысы – 19, Жамбыл облысы – 16, Маңғыстау обл. – 5, Ақтөбе обл. – 3, Ақмола облысы, Алматы және Нұр-сұлтан қ. – 1 адам ауырмайды екен.

## Денсаулық жағдайы

Тұратын өңір: :2

- Ақмола облысы
- Ақтөбе облысы
- Алматы қ.
- Батыс Қазақстан облысы
- Жамбыл облысы
- Қарағанды облысы
- Қызылорда облысы
- Маңғыстау облысы
- Нұр-султан Қ.
- Павлодар облысы
- Солтүстік Қазақстан облысы
- Түркістан облысы
- Шығыс Қазақстан облысы
- Шымкент қ.

